

ISSN (Print) 2616-6844  
ISSN (Online) 2663-1318

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ ВЕСТНИК BULLETIN

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

of L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

ҚҰҚЫҚ сериясы  
LAW Series  
Серия ПРАВО

№ 3(140)/2022

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Астана, 2022

Astana, 2022

Астана, 2022

## Төраға

*Сматлаев Б.М.* з.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

## Редакциялық кеңестің құрамы:

**Баймаханов М.Т.** (ҰҒА Академигі, Алматы, Қазақстан), **Букалерова Л.А.** ( з.ғ.д., РУДН, Мәскеу, Ресей), **Бұсұрманов Ж.Д.** (з.ғ.д., Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясы, Астана, Қазақстан), **Винниченко О.Ю.** (з.ғ.д., ТюмГУ, Тюмень, Ресей), **Глушаченко С.Б.** (з.ғ.д., Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік басқару академиясы Солтүстік-Батыс басқару институты, А.И. Герцен атындағы РМПУ, Мурманск Арктика мемлекеттік университеті, Ресей), **Головина С.Ю.** (з.ғ.д., УрГЮА, Екатеринбург, Ресей), **Жұмағұлов Б.Т.** (з.ғ.к., Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Мүшесі, Астана, Қазақстан), **Давулис Т.** (з.ғ.д., Vilnius University, Вильнюс, Литва), **Исполинов А.С.** (з.ғ.д., М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Мәскеу, Ресей), **Қаудыров Т.Е.** (з.ғ.д., М.С.Нәрікбаев атындағы ҚазГЗУ, Астана, Қазақстан), **Коняхин В.П.** (з.ғ.д., И.Т. Трубилин атындағы Кубан мемлекеттік аграрлық университеті, Краснодар, Ресей), **Коробеев А.И.** (з.ғ.д., Қиыр Шығыс федералдық университетінің Заң мектебі, Владивосток, Ресей), **Сабікенов С.Н.** (ҰҒА Академигі, Алматы, Қазақстан), **Раимбаев С.И.** (з.ғ.к., Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының жанындағы Ғылыми-консультативтік кеңестің мүшесі), **Рогов И.И.** (Қазақстан Республикасы Бірінші Президент Қорының Атқару директорының орынбасары, Астана, Қазақстан), **Тлепина Ш.В.** (з.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан), **Томашевский К.Л.** (з.ғ.д., Халықаралық университеті «МИТСО», Минск, Беларусь), **Трунк А.** (кұқық докторы, Киль университетінің Шығыс Еуропалық құқық институты, Киль, Германия), **Турдуковский Я.** (з.ғ.д., Варшава университеті, Варшава, Польша), **Цоль Ф.** (кұқық докторы, Оснабрюк университеті, Германия).

## Бас редакторы

*Нұрмағамбетов А.М.* - з.ғ.д., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

## Бас редактордың орынбасары

*Дәурембеков Е.К.* - PhD, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

## Жауапты редактор

*Сембекова Б.Р.* - з.ғ.к Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

## Редакция алқасы

**Обжанов Д.К.** (з.ғ.к., АҚ «Қазақстан Халық Банкісі», Алматы, Қазақстан), **Абайдельдинов Т.М.** (з.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан), **Амандықова С.К.** (з.ғ.д., Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан), **Ахпанов А.Н.** (з.ғ.д., Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан), **Балғынтаев А.О.** (PhD, Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан), **Балтабаев К.Ж.** (з.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан), **Бейбітов М.С.** (з.ғ.д., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан), **Ғалияқбарова Ғ.Ғ.** (PhD, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан), **Жаркенова С.Б.** (з.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан), **Жұмағұлов М.И.** (з.ғ.д., Қазақстан Республикасы Президентінің қасындағы стратегия зерттеу Институт директорының орынбасары), **Ким К.В.** (з.ғ.к., М.С.Нәрікбаев атындағы ҚазГЗУ, Астана, Қазақстан), **Құсайынова А.К.** (з.ғ.к., Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан), **Мәуленов К.С.** (з.ғ.д., Халықаралық ақпарат-тық технологиялар университеті, Алматы, Қазақстан), **Мұқашева А. А.** (з.ғ.д., Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан), **Нұрғалиева Е.Н.** (з.ғ.д., Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан), **Сәрсембаев М.А.** (з.ғ.д., Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан), **Сәбитова А.А.** (з.ғ.д., Сорбонна-Қазақстан институты, Алматы, Қазақстан), **Сабиров К.К.** (PhD, Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты, Астана, Қазақстан), **Сауден Н.** (PhD, Парламентаризм институты, Астана, Қазақстан), **Чех Е.** (Dr.habil., Белосток университеті, Белосток, Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 402 б.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-410)

E-mail: vest\_law@enu.kz

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Құқық сериясы**

**Меншіктенуші:** «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен тіркелген. 19.02.2021 ж. № KZ10VPY00032635 қайта есепке қою туралы куәлігі.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31-410).

## The Head

**Smatlayev B.M.** Doctor of Law, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

## Composition of the Editorial Board

**Baimakhanov M.T-M.** (Academician of the NAS of the RK, Almaty, Kazakhstan), **Bukalerova L.A.** (Doctor of Juridical Sciences, Peoples' Friendship University of Russia (RUDN University), Moscow, Russia), **Busurmanov J.D.** (Doctor of Juridical Sciences, Academy of Justice of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan), **Vinnichenko O.Y.** (Doctor of Juridical Sciences, Tyumen State University, Tyumen, Russia), **Glushachenko S.B.** (Doctor of Juridical Sciences, North-West Institute of Management RANHIGS, Russian State Pedagogical University named after A.I. Herzen, Murmansk Arctic State University, Russia), **Golovin S.Yu.** (Doctor of Juridical Sciences, USLA, Yekaterinburg, Russia), **Zhumagulov B.T.** (Candidate of Juridical Sciences, Member of the Supreme Judicial Council of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan), **Davulis T.** (Doctor of Juridical Sciences, Vilnius University, Vilnius, Lithuania), **Ispolinov A.S.** (Doctor of Juridical Sciences, M.V. Lomonosov Moscow State University, Moscow, Russia), **Kaudyrov I.E.** (Doctor of Juridical Sciences, M.S. Narikbaev KAZGUU University, Astana, Kazakhstan), **Konyakhin V.P.** (Doctor of Juridical Sciences, I.T. Trubilin Kuban State Agrarian University, Krasnodar, Russia), **Korobeev A.I.** (Doctor of Juridical Sciences, Law School of Far Eastern Federal University, Vladivostok, Russia), **Sabikenov S.N.** (Academician of the NAS of the RK, Almaty, Kazakhstan), **Raimbayev S.I.** (Candidate of Juridical Sciences, Scientific Advisory Council to the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan), **Rogov I.I.** (Deputy Executive Director of the Foundation of the First President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan), **Tlepina S.V.** (Doctor of Juridical Sciences, L.N. Gumilev ENU, Astana, Kazakhstan), **Tomashevsky K.L.** (Doctor of Juridical Sciences, MITSO International University, Minsk, Belarus), **Trunk A.** (Doctor of Law, Institute of the right of countries of Eastern Europe of the Kiel university, Kiel, Germany), **Turlukovsky Y.** (Doctor of Juridical Sciences, Warsaw university, Warsaw, Poland), **Tsol F.** (Doctor of Law, Universität Osnabrück, Germany).

### Chief Editor

**Nurmagambetov A.M.** - Doctor of Juridical Sciences, L.N. Gumilev ENU, Astana, Kazakhstan

### Deputy Chief Editor

**Daurembekov E.K.** - PhD, L.N. Gumilev ENU, Astana, Kazakhstan

### Executive editor

**Sembekova B.R.** - Candidate of Juridical Sciences, L.N. Gumilev ENU, Astana, Kazakhstan

### Editorial board

**Abzhanov D.K.** (Candidate of Juridical Sciences, Halyk Bank of Kazakhstan JSC, Astana, Kazakhstan), **Abaideldinov T.M.** (Candidate of Juridical Sciences, al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan), **Amandykova S.K.** (Doctor of Juridical Sciences, Astana International University, Astana, Kazakhstan), **Akhpanov A.N.** (Doctor of Juridical Sciences, L.N. Gumilev ENU, Astana, Kazakhstan), **Balgynyaev A.O.** (Candidate of Juridical Sciences, L.N. Gumilev ENU, Astana, Kazakhstan), **Baltabaev K.Zh.** (Doctor of Juridical Sciences, L.N. Gumilev ENU, Astana, Kazakhstan), **Beybitov M.S.** (Doctor of Juridical Sciences, L.N. Gumilev ENU, Astana, Kazakhstan), **Galiakbarova G.G.** (PhD, L.N. Gumilev ENU, Astana, Kazakhstan), **Zharkenova S.B.** (Candidate of Juridical Sciences, L.N. Gumilev ENU, Astana, Kazakhstan), **Zhumagulov M.I.** (Doctor of Juridical Sciences, Deputy Director of the Institute of Strategic Studies under the President of Kazakhstan), **Kim K.V.** (Candidate of Juridical Sciences, M.S. Narikbaev KAZGUU University, Astana, Kazakhstan), **Kusainova A.K.** (Candidate of Juridical Sciences, Astana International University, Nur-Sultan, Kazakhstan), **Maulenov K.S.** (Doctor of Juridical Sciences, International University of Information Technology, Almaty, Kazakhstan), **Mukasheva A.A.** (Doctor of Juridical Sciences, L.N. Gumilev ENU, Astana, Kazakhstan), **Nurgaliyeva E.N.** (Doctor of Juridical Sciences, L.N. Gumilev ENU, Astana, Kazakhstan), **Sarsembayev M.A.** (Doctor of Juridical Sciences, L.N. Gumilev ENU, Astana, Kazakhstan), **Sabitova A.A.** (Doctor of Juridical Sciences, Sorbonne-Kazakhstan Institute, Almaty, Kazakhstan), **Sabirov K.K.** (PhD, Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan), **Saulen N.** (PhD, Institute of Parliamentarism, Astana, Kazakhstan), **Czech E.** (Dr.habil., Białystok University, Białystok, Poland).

Address of the editorial office: 010008, Kazakhstan, Astana, K. Satpayev St., 2, 402 off.

Tel.: +7(7172) 709-500 (in. 31-410)

E-mail: vest\_law@enu.kz

### Bulletin of the L.N. Gumilev Eurasian National University. Law Series

**Owner:** Non-profit joint-stock company «L.N. Gumilev Eurasian National University»

Registered by the Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan. Certificate of placement for re-registration № KZ10VPY00032635 dated 19.02.2021

Frequency: 4 times a year.

Printing House Address: 010008, Kazakhstan, Astana, Kazhymukana str., 13/1, tel.: +7 (7172) 709-500 (in.31-410)

## Председатель

**Сматлаев Б.М.** д.ю.н., ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

## Состав Редакционного совета

**Баймаханов М.Т.-М.** (Академик НАН РК Алматы, Казахстан), **Букалерова Л.А.** (д.ю.н., Московский Университет дружбы народов (РУДН), Москва, Россия), **Бусурманов Ж.Д.** (д.ю.н., Академия правосудия РК, Астана, Казахстан), **Винниченко О.Ю.** (д.ю.н., ТюмГУ, Тюмень, Россия), **Глушаченко С.Б.** (д.ю.н., Северо-Западный институт управления РАНХИГС, РГПУ им. А.И. Герцена, Мурманский арктический государственный университет, Россия), **Головина С.Ю.** (д.ю.н., УрГЮА, Екатеринбург, Россия), **Жумагулов Б.Т.** (к.ю.н., член Высшего Судебного Совета Республики Казахстан, Астана, Казахстан), **Давулис Т.** (д.ю.н., Vilnius University, Вильнус, Литва), **Исполинов А.С.** (д.ю.н., МГУ им. М.В. Ломоносова, Москва, Россия), **Каудыров Т.Е.** (д.ю.н., Университет КАЗГЮУ имени М.С.Нарикбаева, Астана, Казахстан), **Коняхин В.П.** (д.ю.н., Кубанский государственный аграрный университет имени И.Т. Трубилина, Краснодар, Россия), **Коробеев А.И.** (д.ю.н., Юридическая школа Дальневосточного федерального университета, Владивосток, Россия), **Сабикенов С.Н.** (Академик НАН РК, Алматы, Казахстан), **Раимбаев С.И.** (к.ю.н., Научно-консультативный совет при Верховном Суде Республики Казахстан), **Рогов И.И.** (Заместитель Исполнительного директора Фонда Первого Президента Республики Казахстан, Астана, Казахстан), **Тлепина Ш.В.** (д.ю.н., ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан), **Томашевский К.Л.** (д.ю.н., Международный университет «МИТСО», Минск, Беларусь), **Трунк А.** (доктор права, Институт права стран Восточной Европы Кильского университета, Киль, Германия), **Турдуковский Я.** (д.ю.н., Варшавский университет, Варшава, Польша), **Цоль Ф.** (доктор права, Universität Osnabrück, Германия).

## Главный редактор

**Нурмагамбетов А.М.** - д.ю.н., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

## Зам. главного редактора

**Даурембеков Е.К.** - PhD, ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

## Ответственный редактор

**Сембекова Б.Р.** - к.ю.н., ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

## Редакционная коллегия

**Абжанов Д.К.** (к.ю.н., АО «Народный Банк Казахстана», Астана, Казахстан), **Абайдельдинов Т.М.** (к.ю.н., КазНУ имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан), **Амандыкова С.К.** (д.ю.н., Международный университет Астана, Астана, Казахстан), **Ахпанов А.Н.** (д.ю.н., ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан), **Балгынтаев А.О.** (к.ю.н., ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан), **Балтабаев К.Ж.** (д.ю.н., ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан), **Бейбитов М.С.** (д.ю.н., ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан), **Галиакбарова Г.Г.** (PhD, ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан), **Жаркенова С.Б.** (к.ю.н., ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан), **Жумагулов М.И.** (д.ю.н., Заместитель директора Института стратегических исследований при Президенте РК), **Ким К.В.** (к.ю.н., Университет КАЗГЮУ имени М.С.Нарикбаева, Астана, Казахстан), **Кусаинова А.К.** (к.ю.н., Международный университет Астана, Астана, Казахстан), **Мауленов К.С.** (д.ю.н., Международный университет информационных технологии, Алматы, Казахстан), **Мукашева А.А.** (д.ю.н., ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан), **Нурғалиева Е.Н.** (д.ю.н., ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан), **Сарсембаев М.А.** (д.ю.н., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан), **Сабитова А.А.** (д.ю.н., Институт Сорбонна-Казахстан, Алматы, Казахстан), **Сабиров К.К.** (PhD, Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан, Астана, Казахстан), **Саулен Н.** (PhD, Институт парламентаризма, Астана, Казахстан), **Чех Е.** (Dr.habil., Университет Белосток, Белосток, Польша).

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402Тел.:

+7(7172) 709-500 (вн. 31-410)

E-mail: vest\_law@enu.kz

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева. Серия: Право**

**Собственник:** Некоммерческое акционерное общество «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»

Зарегистрировано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан. Свидетельство о постановке на переучет № KZ10VPY00032635 от 19.02.2021 г.

Периодичность: 4 раза в год.

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1,

тел.: +7 (7172) 709-500 (вн.31-410)

## Мазмұны

### Конституциялық құқық

<i>Амерханова И.К., Джусибалиева А.К.</i> Қазақстан Республикасында ішкі көші-қон үдерісін құқықтық реттеу	8
<i>Ибраева Н.А.</i> Өткізілген сайлауды ескере отырып, пандемияның Қазақстан Республикасының сайлау жүйесі мен сайлау заңнамасын жетілдіру мәселелері	21
<i>Сәулен Н., Жамбаев Е.С., Сагадиев А.Н.</i> Қоғамды цифрландыру және ақпараттандыру конституциялық құндылықтарды өзгертудің триггерлері ретінде	32

### Халықаралық құқық

<i>Елеген А.Е.</i> Денсаулық сақтау саласында жасанды интеллекті қолданудың халықаралық құқықтық реттелуі	47
---	----

### Еңбек құқығы

<i>Лушников А.М.</i> Ресей Федерациясындағы еңбек шартының кейбір мәселелері	54
<i>Сейдимбек А.А.</i> Жұмысқа қайта алу туралы істер бойынша дәлелдеу нысанасы	60
<i>Сырлыбаева Ф.М.</i> Жұмыскерлердің ақпараттық құқықтарын қорғаудың кейбір мәселелері	72

### Қылмыстық құқық

<i>Мергембаева Н.Б.</i> Терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимылдағы қылмыстық іс жүргізу саясатының кейбір аспектілері	81
<i>Турецкий Н.Н.</i> Алаяқтық пен қаржы пирамидаларының құрбандары санының өсуіне әсер ететін факторлар және оларға қарсы тұру әдістері	89

## Contents

### *Constitutional law*

- Amerkhanova I.K., Jussibaliyeva A.K.* Legal regulation of the internal migration process in the Republic of Kazakhstan 8
- Ibrayeva N.A.* Impact of the pandemic on the improvement of the electoral system and electoral legislation of the Republic of Kazakhstan in view of the elections held 21
- Saulen N., Zhambayev E.S., Sagadiev A.N.* Digitalization and informatization of society as triggers for the transformation of constitutional values 32

### *International law*

- Yelegen A.Ye.* International legal regulation of the use of artificial intelligence in the health care sector 47

### *Labor law*

- Lushnikov A.M.* Some issues of the employment contract in the Russian Federation 54
- Seidimbek A.A.* The subject of proof in cases of reinstatement at work 60
- Syrlybaeva F.M.* Some issues of protection of employee information rights 72

### *Criminal law*

- Mergembayeva M.N.* Some aspects of criminal procedure policy in countering terrorism and extremism 81
- Turetsky N.N.* Factors influencing the growing number of victims of fraud and pyramid schemes and methods to counter them 89

## Содержание

### *Конституционное право*

- Амерханова И.К., Джусибалиева А.К.* Правовое регулирование внутреннего миграционного процесса в Республике Казахстан 8
- Ибраева Н.А.* Влияние пандемии на совершенствование избирательной системы и выборного законодательства Республики Казахстан с учетом проведенных выборов 21
- Саулен Н., Жамбаев Е.С., Сагадиев А.Н.* Цифровизация и информатизация общества как триггеры трансформации конституционных ценностей 32

### *Международное право*

- Елеген А.Е.* Международно-правовое регулирование использования искусственного интеллекта в сфере здравоохранения 47

### *Трудовое право*

- Лушников А.М.* Некоторые вопросы трудового договора в Российской Федерации 54
- Сейдимбек А.А.* Предмет доказывания по делам о восстановлении на работе 60
- Сырлыбаева Ф.М.* Некоторые вопросы защиты информационных прав работника 72

### *Уголовное право*

- Мергембаева Н.Б.* Некоторые аспекты уголовно-процессуальной политики в противодействии терроризму и экстремизму 81
- Турецкий Н.Н.* Факторы, влияющие на рост числа жертв мошенничества и финансовых пирамид, и методы противодействия им 89





XFTAP 10.15.59

И.К. Амерханова<sup>1</sup>  
А.К. Джусибалиева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ, Астана, Қазақстан  
<sup>2</sup>«НПП «Инноватор» ЖШС, Астана, Қазақстан  
(E-mail: lindira\_amirhanova@mail.ru, 2d\_aruzhan2011@mail.ru)

## Қазақстан Республикасында ішкі көші-қон үдерісін құқықтық реттеу

**Аңдатпа.** Көші-қон қазіргі әлемнің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Барлық елдердегі сияқты Қазақстанда да ішкі көші-қон үдерісі үнемі реттеуді қажет етеді. Қазақстанда ішкі көші-қонды құқықтық реттеуді жетілдіру мемлекеттік көші-қон саясатының басты міндеттерінің бірі болып табылады. Көші-қон үдерісін зерттеу біріңғай қағидаларға яғни, ішкі, сыртқы, заңды және заңсыз көші-қон ағындарын анықтайтын факторларға негізделіп жүргізіледі. Мақалада, Қазақстан Республикасында ішкі көші-қон үдерісін мемлекеттік реттеу қағидалары мен басымдықтарын көрсететін негізгі нормативтік құжаттарға талдау жасалды. Қазақстанға бірыңғай ғылыми негізделген, теңдестірілген және нақты мемлекеттік ішкі көші-қон бағыты қажет. Қазақстанда халық тығыз қоныстанған аймақтардан жұмыс күші тапшы аймақтарға қоныс аударудың ерікті қоныстандыру жұмыстары жүргізілуде. Сондықтанда, ішкі көші-қон үдерісін жан-жақты зерттеу заң ғылымының басты міндеті болып табылады.

**Кілт сөздер:** көші-қон, сыртқы көші-қон, ішкі көші-қон, көші-қон үдерісі, көші-қонның қайнар көздері, конституциялық құқық, құқықтық реттеу.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2022-140-3-8-20>

### Кіріспе

Ішкі көші-қон үдерісін құқықтық реттеудің негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы. Қазақстан Республикасы әлеуметтік мемлекет ретінде адам мен қоғамға бір тұтас қызмет етеді, қоғамдағы қиындықтар мен игіліктерді бірдей үйлестіру жолы арқылы әлеуметтік теңсіздікті жоюға, жеңілдетуге тырысады. Мемлекетті әлеуметтік ретінде

сипаттау Конституциямен кепілдендірілген мемлекетпен білім беру, әлеуметтік жұмыспен қамту, мәдениет, денсаулық сақтау, ғылым, еңбекті қорғау, әлеуметтік қамсыздандыру, кірістері төмен халық тобына адрестік көмек, әлеуметтік салаларына қолдау көрсетуді білдіреді. Конституциялық құқық ішкі көшіп-қонушылардың құқықтық жағдайын бекітуде ерекше рөл атқарады. Ол ішкі көшіп-қонушылардың құқықтық жағдайы-



ның негіздерін бекітеді, бұл біздің мемлекеттің азаматтығына тиесілілігінен ғана туындайтын құқықтары мен міндеттердің жалпы қағидаларының жиынтығы. Конституцияда азаматтардың ажырамас құқықтары мен бостандықтары бекітілген: заңда көрсетілген негізгі құқықтары мен бостандықтарынан басқа, Қазақстан аумағы бойынша еркін жүріп тұру және тұрғылықты жерін еркін таңдау құқығы көрсетілген. Қазақстан Республикасының Конституциясы әркімнің еңбек бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауға құқығы бар екеніне кепілдік береді. Мәжбүрлі еңбекке сот үкімі бойынша, төтенше немесе соғыс жағдайы жағдайларында ғана жол беріледі делінген [1].

### Зерттеу әдістері

Ішкі көші-қон үдерісін құқықтық реттеу мәселесін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік беретін жүйелі әдіс; оның негізінде көші-қон үдерістерін құқықтық реттеу тетігінің негізгі элементтерінің мәні ашылатын құрылымдық-функционалдық әдіс. Біздің зерттеуіміздің теориялық негізі ретінде ішкі көші-қонның құқықтық жағынан тереңрек зерттеу үшін заңнамалық актілерге, концепцияларға, бағдарламаларға құқықтық талдау жасалды.

### Негізгі бөлім

Ішкі көшіп-қонушылардың құқықтары мен міндеттері туралы Қазақстан Республикасының 2017 жылы 11 шілдеде «Халықтың көші қон туралы» заңында да көрсетілген. Халықты еңбек күші мол өңірлерден ерікті түрде қоныс аударуды экономикалық ынталандыру арқылы халықты қоныстандырудың тепе-теңдігін теңестіру саясаты жүзеге асырылып жатыр.

Бүгінгі таңда ішкі көші-қонның әсерін бағалау және оның болашағын болжау үшін халықтың ішкі көші-қонының сандық көрсеткіштері қажет.

Қазақстан Республикасының ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері бойынша

2021 жылы 1 наурыздағы деректер бойынша Қазақстан Республикасының халқының саны 18917200 адамды құрады. Оның ішінде ауыл тұрғындары (42,5%) – 7708352 адам, қала тұрғындары 57,5% – 11208848 адам.

Еліміздің Оңтүстік Қазақстан облысында 43,2% адамның тығыздығын құраса, Солтүстік Қазақстан облысы бойынша бұл көрсеткіш 16,3% құрап отыр. Сондықтан Оңтүстік Қазақстан облысынан, Солтүстік Қазақстан облысына халықты көшіру арқылы бүкіл территориялық аймақта халықты тепе-тең орналастыру жұмыстарын реттеу керек [2].

Қазақстан үдемелі индустриялық-инновациялық саясатты белсенді түрде жүзеге асыру арқылы серпінді дамып келе жатқан ел ретінде бүгінгі күні урбанизация мен көшіп кету үдерісін бастан кешіруде. Урбанизация ауыл шаруашылығында техникалық құралдар мен еңбек өнімділігінің төмендеуі, ауылдық инфрақұрылымның орталықтардан қашық болуы, тауар өндірушілерінің қысқаруы, климаттық жағдайлармен және т.б. байланысты.

Үкімет қоныстандырудың нақты өңірлерінде – Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында тұрақты тұру үшін қоныс аударушыларды қабылдаудың, 2016 жылы 25 қаңтарда «Оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың» өңірлік квотасын айқындады. Оларды жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына сәйкес көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етті.

Сонымен қатар, мемлекет еңбек курстарын ұтымды бөлу үшін бірқатар шаралар қабылдады. Мысалы, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2016 жылы 29 желтоқсандағы №919 «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» Қаулысында бірнеше міндеттер айқындалған:

- қысқа мерзімде қызметкерлерді, еңбек нарығына қажеттілігін ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім беретін, бизнес негіздері бойынша оқытып, кәсіби мамандықтарға дайындау;

- жұмыссыздарға жұмысқа орналасуға жәрдемдесу керек, жұмысқа орналастыру үшін біріңғай цифрлық платформа құру;

– ауылдық жерлерге қандайда бір кәсіппен айналысу барысында шағын несиелерді кеңейту, еңбек ұшқырлығын арттыру [3].

Қазақстан Республикасындағы ішкі көші-қон мәселесін шешу үшін 2017 жылы «Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының 2017-2021 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс шаралар жоспарын бекіту туралы» қаулысы қабылданып, бекітілгені анық. Аталмыш тұжырымдаманың мақсаты тұрақты әлеуметтік демографиялық дамудың қажетті жағдайларын жасауға, көшіп-қонушылардың құқықтарын іске асыра отырып мемлекеттің қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған [3].

Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасының Көші-қон саясатының негізгі мақсаттары:

- Көші-қон үдерістерін басқару;
- орнықты демографиялық дамуды қамтамасыз ету;
- еліміздің мемлекеттік қауіпсіздігін нығайту;
- көшіп-қонушылардың құқықтарын іске асыру үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Әлеуметтік мемлекет жалпы және мақсатты әлеуметтік бағдарламаларды дайындайды және жүзеге асырады. «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» бағдарлама солтүстік өңірлердегі еңбек ресурстарының жетіспеушілігін реттеудің негізгі құралы болуға тиіс. 2016 жылғы 14 маусымдағы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің №515 Бұйрығы «Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидалары» бекітілді. Бұл шараның басты мақсаты - Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды және олардың отбасы мүшелерін жаңадан көшіп келген жерлерге ерікті қоныс аударуды жеңілдету. Бағдарламада қатысушыларға іс жүзінде қоныс аудару, жұмысқа орналасу (нақты қоныстанушылар үшін) және жоспарлы қоныс аударғаннан (ықтимал мигрант) кейін де мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі делінген [4].

1990 жылдардағы ішкі және сыртқы көші-қон кезінде КСРО-ның бұрынғы унитарлы мемлекет құрамындағы республика аралық қозғалыстар мемлекет аралық (халықаралық) көші-қон мәртебесін алды. Көші-қон, зерттеу нысаны ретінде, тұрғылықты жерінің өзгеруіне байланысты және мемлекеттік құқықтық реттеуді талап ететін халықтың мемлекеттік шекаралар арқылы өтуі болып табылады. Көші-қон ағындары жаңа этнодемографиялық және әлеуметтік-кәсіптік сипаттамаларға да ие болды. Республиканың егемендігі жағдайында көші-қон ағындарын мемлекеттік реттеу үшін барлық көші-қон үдерістерін заң тұрғысынан қарау, және тиімді халықаралық ынтымақтастық қажеттілігі туындады. Ішкі көші - қон Қазақстан территориялық шекарасы кең, халқы аз және әлі де болса дамымаған аумағы бар ел үшін, әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің, қарқынды жүргізу үшін және халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту мақсатында ішкі көші-қон үдерісі үнемі реттеліп отыруы тиіс.

### Талқылау

Қазіргі уақытта ішкі көші-қон үдерістерін мемлекеттік реттеу саласындағы ішкі көші-қон үдерісін реттеудің негізгі қағидалары мен басымдықтарын, іс қимыл тетіктерінің міндеттері мен әдістерін көрсеткен негізгі мемлекеттік құжат «Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының тұжырымдамасы» болып табылады. Тұжырымдамада ішкі көші-қон үдерістерінің елдегі экономикалық және демографиялық жағдайға әсерін ескере отырып, мемлекеттік қауіпсіздік мәселелеріне басты назар аударылған. Халықтың бір жерден екінші жерге қоныс аударуы, тұжырымдамаға сәйкес, реттеліп, қазіргі және перспективалы мемлекеттік мүдделерге сай жүргізілуде [5].

ҚР Статистика комитетінің деректеріне сәйкес Қазақстан Республикасы халқының саны 2020 жылғы 2 тоқсанда 18 млн.720 мың адамды құрады және 2019 жылғы 2 тоқсанмен салыстырғанда 1,3% - ға немесе 247 мың адамға өсті. 2019 жылғы 2 тоқсанмен салыстырғанда ең жоғары өсім Нұр-Сұлтан қаласында – 5,1% немесе 56 мың адамға, Алматы қаласында –

3,5% немесе 66 мың адамға, Маңғыстау облысында – 3,1% немесе 21 мың адамға, Шымкент қаласында – 3% немесе 30 мың адамға өсті. Халық санының өсуі оңтүстік және батыс өңірлер есебінен жүреді, ал солтүстік өңірлерде халық санының төмендеуі байқалады [6].

Сол кезеңмен салыстырғанда халық санының қысқаруы солтүстік өңірлерде орын алды: Солтүстік Қазақстан облысы - 0,9% немесе 5,1 мың адамға, Шығыс Қазақстан облысы – 0,6% немесе 8,5 мың адамға, Қостанай облысы – 0,4% немесе 3,4 мың адамға, Ақмола облысы – 0,3% немесе 2,5 мың адамға, Павлодар облысы – 0,2% немесе 1,2 мың адамға, Қарағанды облысы – 0,02% немесе 323 адамға кеміді [7].

Іс жүзінде Қазақстанның барлық өңірлерінде, елордада (Нұр-Сұлтан), Республикалық маңызы бар қалалар, Түркістан және Батыс Қазақстан облыстарында жұмыс күші санының қысқаруы байқалады. Коронавирустық Пандемия және карантиндік шараларды енгізу еңбек нарығына әсер етпей қоймады, сондықтан республикада жұмыспен қамтылған халық санының азаюы байқалады. Елордада, Республикалық маңызы бар қалаларда және Түркістан облысында жұмыспен қамтылғандардың аз ғана өсімі болды.

Еліміздің жалпы көші-қон үдерістерінде сыртқы көші-қон ағындарының ұлғаюы және Қазақстаннан тұрақты тұруға кететіндердің 43,8%-ын 15-тен 34 жасқа дейінгі жастар құрайтындығы өзіне назар аудартады, мұны жастардың тұрақты өсіп келе жатқаны ретінде сипаттауға болады, еңбек ресурстары нарығына айтарлықтай теріс әсер етеді және экономикалық даму мүмкіндіктерін төмендетеді. Қазақстан аумағының ауданы бойынша әлемде 9-шы орынды және халық саны бойынша 64-ші орынды алады, елдегі халықтың орташа тығыздығы км<sup>2</sup>-ге 6,74 адамды құрайды, бұл біздің елімізді 2018 жылы БҰҰ таныған 195 тәуелсіз мемлекеттің ішінде халық тығыздығы бойынша елдер тізімінде 184-ші орынға иеленеді. Соңғы 5 жылда елден 189 765 адам көшіп кетті, ал 70933 этникалық қазақ келді. Айырмашылық 118 832 адамды құрайды [8].

Соңғы жылдары көші-қон ағындарының дамуын айқындайтын нормативтік құжаттар-

мен қатар, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық көрсеткіштер түбегейлі өзгерді. Республиканың демографиялық жағдайы әлеуметтік-экономикалық және экологиялық компоненттердің әсерінен қалыптасады. Көші-қон халық санының және халықтың аумақтық орналасуының өзгеруінің елеулі факторларының бірі болып табылады.

Ішкі көші-қон халықтың Республика шегіндегі қозғалысын, атап айтқанда облыс аралық көші-қонды қамтиды. Қазақстанда елорданы Алматыдан Астанаға (Қазіргі Нұр-Сұлтан қаласы) көшіру, осыған байланысты шетелдік инвестицияларды қарқынды тарту және болашақ Астананың инфрақұрылымын дамытып, құрылысты ұлғайтуда ТМД үшін ерекше және бірегей процестер жүріп жатты. Қазір Нұр-Сұлтанда құрылыс және басқа да салаларда келісімшарт бойынша шетелден келген жұмысшылар жұмыс істейді.

Ішкі көш-қонның қарқынды жүруі елдің қауіпсіздігіне әсер етіп, құқық бұзушылығына жол берілетіндігін тағыда атап өткіміз келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асыратын ішкі көші-қон саласындағы қатынастарды құқықтық реттеудің үлкен рөлін атап өткен жөн. Кәсіпкерлікті қолдау мақсатында микрокредиттерді көбейту, несиелеу жүйесін дамыту қажеттілігі туындады [9].

Сонымен қатар, Көші-қон саясатын жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктері мен мемлекеттік органдары алдында сыртқы саясатқа қатысты мынандай міндеттер тұрды: мемлекет аралық деңгейде қоныс аударышылар, босқындар, қаңдастар мәселелерін шешу тетіктерінің екіжақты және көпжақты форматын әзірлеу және енгізу, қақтығыстардың алдын алу және этникалық аймақтық проблемаларды бейбіт жолмен шешу, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ынтымақтастығы, көші-қон үдерістерін реттеу және көшіп-келушілердің шыққан елдерімен тиісті ақпарат алмасу бойынша Қазақстан Республикасының мемлекетаралық келісімдерін жасау, көші-қон мәселелері бойынша ұлттық заңнаманы үйлестіру, еңбекші көші қоншылардың құқықтарына қатысты

келісімдерге қосылу, еліміздегі шекаралық сауданы оңайлату, әлеуметтік тұрмыстық, мәдени байланыстарды жеңілдету жөнінде мемлекет аралық және үкіметаралық келісімдерге қол жеткізіп құқықтарын жүзеге асыруға жәрдемдесу, халықаралық ұйымдармен өзара әрекеттесу туралы көрсетілген.

*Өтпелі кезең мәселелерін шешу үшін:*

Қандастардың орналасуына, оларды жергілікті аймақтарға қоныстандырып бейімделуіне, заңсыз салдардың әсерінен болатын мәжбүрлі көші-қон ағындарының алдын алу, Қазақстан Республикасының аумағында көшіп келуге бақылау жүйесін құру және дамыту, босқындар деп танылған адамдардың әлеуметтік ортасына еніп кетуімен олардың өз мемлекеттеріне өз еріктерімен оралуына жағдай жасау, ішкі және сыртқы еңбек көші-қонын реттеуді қамтамасыз ету деп көрсетілген.

*Ұзақ мерзімді мәселелерді шешу үшін:*

Көші-қон ағындарының әлеуметтік экономикалық алғышарттарын құру, Қазақстанның халқы сирек орналасқан аймақтарда халықтың сақталуын және ол жерлерге қоныстандыру жұмыстарын жүргізу үшін жағдайлар жасау, білікті мамандардың елден кетпеуі үшін жағдайлар жасау. Қазақстан Республикасының аумағында көші-қон бақылауының бірыңғай жүйесін енгізу арқылы көшіп-келу үдерісінің басқарылуын қамтамасыз ету, шетелдегі отандастармен сындарлы қатынастарды қолдау және дамыту [10].

*Әлеуметтік-экономикалық саладағы ішкі саясатта:*

1. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті ұйымдастыруға, дамытуға және Қандастарға қолдау көрсету үшін жағдайлар жасау.

2. Демографиялық және көші-қон саясатының басымдықтарын Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық реформалардың негізгі бағыттарымен үйлестіру.

3. Көші-қон саясатының басымдықтарын ескере отырып, көші-қон бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру.

4. Әлеуметтік-экономикалық дамудың аймақтық бағдарламаларына қандастарды қоныстандыру жөніндегі іс-шаралар кешенін енгізу.

5. Еңбек нарығындағы әлеуметтік экономикалық жағдайға мониторинг жүргізіп, көші-қоншыларға көмек көрсететін қоғамдық ұйымдармен өзара байланыс жүргізу.

6. Қазақстан Республикасының аумағындағы азаматтардың елден шығу мен кіруін бақылау мәселелерін қарастыратын нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу болып табылады. Заңнама саласында Қазақстан Республикасының көші-қон саясатына қатысты нормативтік құқықтық актілерді қабылдау жатады.

7. Ақпараттық салаға, әлеуметтік және ұлтаралық келісімін, рухани бірліктер қалыптастыру және насихаттау, Қазақ халқының тарихы мен мәдениеті туралы білімдерін жетілдіру, көші-қоншылардың ұлттық әдет-ғұрыптармен дәстүрлерін қарастыру, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоныс аударушыларға берілетін әлеуметтік экономикалық көмектер туралы ашық ақпарат жариялауға, көші-қон мәселелерін тиімді шешуге ықпал ететін оң қоғамдық пікірлерді қалыптастыруға.

8. Қазақстан Республикасының тұрғындарын қоныс аударушылар психологиясының ерекшеліктері, көші-қоншылардың мотивациясы мен проблемалары, олардың бейімделу қиындықтары туралы объективті ақпараттандыру.

9. көші-қон саласындағы инвестициялық жобалар туралы ақпарат жинау және тарату жүйесін құру [10].

Осы саладағы негізгі заңнамалық акт - бұл «Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі №477-IV Заңы, халықтың көші-қоны туралы негізгі ереже тәртіптерді реттейтін, құқықтық қатынастарымен қатар экономикалық және әлеуметтік құқықтарын жүзеге асырушы, көшіп қонушыларға қажетті тұрмыстық жағдайлар жасау болып табылады. Осы Заңды кеңінен қарастырып өтетін болсақ, Заңның бірінші тармағына сәйкес көші-қон бұл жеке адамдардың бір мемлекеттен екінші мемлекетке, сондай-ақ мемлекет ішінде тұрақты немесе уақытша, ерікті немесе мәжбүрлі түрде қозғалуы. Көшіп-қонушы сесбебі мен ұзақтығына қарамастан,



Қазақстан Республикасына келген және Қазақстан Республикасынан кеткен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ішінде қоныс аударушы адам деп түсіндіріледі. Қазақстан Республикасының азаматының өз елдеріне өз еркімен немесе мәжбүрлі түрде оралуы қандас деп көрсетілген. Ал, ішкі көшіп-қонушы деп өзінің тұрғылықты жерін тұрақты немесе уақытша өзгерту үшін әртүрлі себептермен Қазақстан Республикасының ішінде өз бетінше қоныс аударушы адам. Қандастардың ішкі көшіп-қонушылардан айырмашылығы, ішкі көшіп-қонушылар Қазақстан Республикасында тұрғылықты тұратын өз елінің азаматтары болып табылады, ал қандастар басқа елден оралған қазақ азаматы болып келеді. Сондықтанда, қандастарға Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейін арнайы квоталар белгіленіп, мәртебесіне сай қолдаулар көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы «Халықтың көші-қоны туралы» Заңының 4-тарауы, еңбек көші-қонын құқықтық реттеу мәселелеріне арналған. Еңбек көші-қоны еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жеке тұлғалардың басқа мемлекеттерден Қазақстан Республикасына, сондай-ақ мемлекет ішінде уақытша қоныс аударуы. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында және Қазақстан Республикасының азаматтарының шет елдердегі еңбек қызметі Қазақстан республикасының Заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Еңбек көші-қонын реттеу кезінде ішкі еңбек нарығын қорғау маңызды болып табылады.

Көшіп келудің құқықтық режимі Қазақстан Республикасы «Халықтың көші қон туралы» Заңынан 3 тарауымен реттеледі. Көшіп келу деп, шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұруға келуі деп көрсетілген. Иммиграциялық квота туралы, жыл сайын Қазақстан Республикасының аумағына қоныстануға жіберілетін көші қоншылардың сандық шектеуі делінген. Көшіп келушілер Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұруға келген шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар

деп көрсетілген. Заңсыз көшіп келушілер Қазақстан республикасының аумағына кіру, шығу, тұру сияқты тәртіпті реттейтін заңнаманы бұза отырып, Қазақстан Республикасының аумағына кірген ол жерде болатын шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар. Қандастардың көші-қон квотасы - бұл Қазақстан Республикасының аумағына қоныс аударуға жыл сайын қабылданатын, осы Заңға сәйкес қандастарға және олардың отбасына берілетін жеңілдіктер мен өтемақылардың мөлшері. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынысы бойынша қандастарға жыл сайын көшіп келушілер квотасы белгіленіп отырады. Барлық ұйымдар мен мемлекеттік органдар үшін қандастарға көші-қон квотасын белгілеу меншік нысанына қарамастан қай елден қоныс аударғаны, оларды қабылдау және жайластыру, бейімдеу үшін қажетті шаралар қолданылады. Қазақстан Республикасының Президенті ғана қандастардың көшіп келу квотасына толықтырулар мен өзгерістер енгізе алады. Арнайы тұру үшін алған ыхтияр хатқа ие болған көшіп келушілер Қазақстан Республикасында барлық құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең дәрежеде міндеттер жүктейтіні анықталды. 2011 жылғы 22 шілдедегі «Халықтың көші-қоны туралы» Заңының 11-бабы қоныс аударушылар болып табылмайтын адамдардың тізімін белгілейді. Осылайша, Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, егер олар:

1. Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан бөлімдерде әскери қызметте болса.
2. Дипломатиялық миссиялардың және халықаралық ұйымдардың мүшелері.
3. Оқуда немесе Қазақстан Республикасында өндірістік практикада.
4. Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыраса [10].

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының аумағындағы ше-

тел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды қоныс аударушы ретінде қабылдамауы да мүмкін. Қандастар деп тану үшін көшіп келген отбасының біреуінің өтінішін Қазақстан Республикасының уәкілетті органына, консулдық мекемелерге немесе дипломатиялық өкілдеріне беру тиіс. Бұл өтініш жазылғаннан кейін оны қарау және иммиграциялық квотаға отбасы мүшелерін қосу процесі екі ай көлемінде жүреді. Қандастар деп танылған адамдарға екі айдан кейін арнайы белгіленген үлгіде куәлік беріледі. Қандас куәлігі «Халықтың көші-қон туралы» Заңында көрсетілген жеңілдіктер мен өтемақыларды алуға негіз бола алады. Егерде ішкі көшіп-қонушылар үшін арнайы куәлік беру арқылы белгілі мәртебе берілетін болса, Заң жүзінде ішкі көшіп-қонушыларды реттеуге мүмкіншілік болар еді.

Халықтың ішкі көші-қоны туралы саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін жергілікті атқарушы органдар:

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тегін медициналық көмек алуға.

2. 2001 жылы 17 2001 жылы 17 шілдеде қабылданған «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету [10].

3. Жаңа кәсіпті игеру барысында біліктілігін арттыруға көмектесу және де жұмысқа орналасуға көмек көрсету.

4. Көшіп-қонушылар үшін, қажет болған жағдайда мектепке дейінгі ұйымдармен, мектептермен сондай-ақ әлеуметтік қорғау мекемелерімен қамтамасыз етуге.

5. Тілді меңгеруге жағдай жасау.

6. Жергілікті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қандастардың иммиграциялық квотасынан тыс Қазақстан Республикасына қоныстанған қандастарға жеңілдіктер мен өтемақылар белгілеуге құқылы.

2011 жылы 22 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасы «Халықтың көші-қон туралы» Заңының бесінші тарауына сәйкес қоныс аударушылар дегеніміз Қазақстан Республикасының азаматтарының басқа мемле-

кет ке тұрақты немесе уақытша тұруға кетуі. Қоныс аударушының кетуін тіркеу тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды. Сондай-ақ заңда қоныс аударушылардың шығыстарын қаржыландыру мәселесі де айтылған, егер бұл Қазақстан Республикасының Заңнамасына қайшы келмесе қоныс аударушылар өз қаражаттары есебінен шығындарын өтеуі мүмкін. Қазақстан Республикасының азаматтары басқа мемлекетке тұрақты тұруға кеткен жағдайда өз қаражаты есебінен алынған мүліктерді толық әкетуге құқылы. Азаматтардың мәдени, тарихи немесе өзге де құнды заттарды мемлекетке Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуі Қазақстан Республикасының тиісті заңнамасымен және мемлекетаралық келісімдермен реттеледі.

2011 жылы 22 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасы «Халықтың көші-қон туралы» Заңының 56-бабында Қазақстан Республикасынан кетуден бас тарту туралы айтылған. Қазақстан Республикасының азаматы осы Заңға сәйкес:

– егер көшіп-қонушылар мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзгеде құпияны құрайтын мәліметтерге ие болса;

– қылмыс жасады деген күдік туатын жағдайда, сот үкімі шығарылып заңды шешімі шыққанға дейін;

– қылмыс жасалғаны анықталған жағдайда, сот үкімі тағайындаған жазаны толық өтегенше;

– әскери қызметте болған жағдайда, әскери қызметін толық аяқтағанға дейін, немесе Қазақстан республикасының заңнамасында көрсетілген жағдайлар бойынша босатылса;

– Қазақстан Республикасынан кету үшін, өзі туралы жағдайларды біле тұра жалған ақпарат беру арқылы құжаттар берілсе мән жайлар толық аяқталғанға дейін елден кете алмайды. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің ұсынысы бойынша, Қазақстан Республикасының азаматтарының басқа елге кетуі барысында ол жерде төтенше жағдайлар орнатылған болса, бұл жағдай Қазақстан Республикасының азаматтарының қауіпсіздігіне

қауіпті екендігі анықталса, уақытша шектеу еңгізуге құқылы [11].

2011 жылы 22 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасы «Халықтың көші-қон туралы» Заңының бірінші тарауында көші-қон үдерістерін басқару туралы жалпы ережелер туралы айтылған. Қазақстан Республикасындағы көші-қон үдерісін басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген орталық атқарушы орган жүзеге асырады. Көші-қон саясатын жүзеге асыратын және халықтың көші-қоны туралы жұмысты үйлестіретін орталық атқарушы орган – халықтың көші-қоны жөніндегі уәкілетті орган болып табылады. Уәкілетті органның қызметі Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының аумағынан мәжбүрлеп немесе өз еркімен кетіп қалған отандастарды Қазақстан Республикасына ерікті түрде қоныстандыру туралы мемлекеттік органдармен, ведомстволармен, басқа мемлекеттердің кәсіпорындарымен, мекемелерімен, ұйымдарымен келісімдер жасасуға; Қазақстан Республикасындағы көші-қон мәселелері бойынша жұмысты үйлестіру; уәкілетті органның аумақтық қызметтері қандас мәртебесін беруден бас тартуға және қандастарды иммиграция квотасына енгізу туралы шағымдар бойынша шешімдер қабылдау болып табылады [11].

Қазақстан Республикасының ішкі көші-қон үдерісін негізгі басқару жүйесі Қазақстан Республикасының ПМ көші-қон қызметінің комитеті, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің департаменті арқылы жүзеге асырылады. Осы көші-қон үдерісін басқару бір ғана уәкілетті органға жүктелсе, бұл мәселені мемлекет тарапынан реттеу жеңілдірек болар еді.

ПМ Көші-қон қызметі комитетінің негізгі құзіреті: ішкі көші-қон, сыртқы көші-қон, азаматтық иммиграция және эмиграция, көші-қон үдерістерін бақылау және мемлекеттік қызметтерді үйлестіру. Комитет 4 негізгі басқарма арқылы көші-қон үдерісін реттеу қызметін жүргізеді.

*Халықты құжаттандыру және ішкі көші-қонды есепке алу басқармасының басты міндеттері:*

1. Қазақстан Республикасының азаматтарын құжаттау, есепке алу және тіркеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді.

2. Ішкі көші-қоншыларды есепке алу барысында азаматтарды қабылдау, олардан ауызша және жазбаша өтініштер алу, бұл өтініштерге жауап жазып шешімдер қабылдайды.

3. жеке басты куәландыратын құжаттарды дайындау бойынша Министрліктің «Ақпараттық өндіріс орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен өзара іс-қимыл жасайды.

4. ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелерінің: Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке куәліктері мен төлқұжаттарын беру, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен тіркеуді; Қазақстан Республикасы азаматтарының тұрғылықты жері бойынша тіркеу және тіркеуден шығару; Уақытша тұру орнына келген Қазақстан Республикасының азаматтарының уақытқа орналасқан жері бойынша тіркеу жұмыстарын жүргізеді [11].

*Сыртқы көші-қон басқармасының негізгі міндеттері:*

– төмендегі жағдайлар бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді: заңсыз көші-қонға қарсы тұру; босқын мәртебесін беру туралы өтініштерді тіркеу және қарау; босқын куәлігінің және жол жүру құжатының, пана іздеген адамның куәлігінің үлгілерін бекіту және оларды беру;

– Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінің ұсынысы бойынша табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде, Қазақстан Республикасының азаматтарымен қатар шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарды шекара аймағында орналасқан объектілерге кіруіне тыйым салады;

– босқын ретінде танылған адамға шыққан елінде тұратын туыстары туралы ақпарат алуға өз құзыреті шегінде көмек көрсетеді;



– босқын мәртебесін беру, ұзарту, одан айыру және тоқтату тәртібі туралы комиссия құрады, сондай-ақ оның ережесін әзірлейді және бекітеді;

– баспана іздеушілер мен босқындардың құқықтарын қамтамасыз ету;

– азаматтарды қабылдауды, ауызша және жазбаша өтініштерді, азаматтардың, лауазымды тұлғалардың өтініштері мен ұсыныстарын уақтылы және толық қарауды жүзеге асырады, олар бойынша шешімдер қабылдайды;

– өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шет мемлекеттердің уәкілетті органдарымен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты ұйымдастырады және жүзеге асырады;

– ұлттық қауіпсіздік органдарына пана іздеушілер мен босқындардың тізімдерін жасайды және ай сайын жібереді;

– ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелерінің келесі мәселелер бойынша жұмысын ұйымдастырады: көші-қон заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес иммигранттардың Қазақстан Республикасында болу мерзімін қысқарту; Қазақстан Республикасының аумағында жүрген иммигранттар үшін Қазақстан Республикасынан кетуге, Қазақстан Республикасына кіруге және шығуға рұқсат беру; басқа елден келгендерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру; босқын мәртебесін беру, ұзарту, айыру және тоқтату [11].

*Азаматтық, иммиграция және эмиграция басқармасының, негізгі міндеттерінің бірі төмендегідей нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді:*

1. Қазақстан Республикасында тұрақты тұру үшін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу және тұрақты тұрған жағдайда құжаттарын рәсімдеу, елімізден тыс жерлерге шығу үшін құжаттарды рәсімдеу.

2. Басқа мемлекеттердің уәкілетті органдарымен және халықаралық ұйымдармен өз құзіретіне тиесілі мәселелер бойынша ынтымақтастықты ұйымдастыру.

3. Көші-қон үдерісі бойынша азаматтық пен босқындарға қатысты мемлекеттік саясатты іске асыруға ат салысу.

4. Көші-қоншыларды есепке алу барысында азаматтарды қабылдау, олардан ауызша және жазбаша өтініштер алу, бұл өтініштерге жауап жазып шешімдер қабылдайды.

5. Басқа елден келген азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеуді жүзеге асыру.

6. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің жеке есебін жүргізу.

7. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдардың өтініштерін заңға сәйкестігін қарайды және де қажетті құжаттармен бірге Қазақстан Республикасының Президентінің қарауына жібереді.

8. Ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелерінің мәселелері бойынша жұмысын ұйымдастырады, көші-қон заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік құқық бұзушылыққа тартады.

9. Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру.

10. Қазақстан Республикасында тұрақты тұру үшін тіркеу, азаматтығы жоқ адамдарға азаматтық туралы куәлік беру, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында азаматтық алғанға дейін тұруға рұқсат беру.

11. Жеңілдетілген тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтығын алғаннан кейін тіркеу.

12. Қазақстан Республикасының аумағында тұратын барлық азаматтардың азаматтықтың бар жоқтығын анықтау.

*Көші-қон үдерістерін бақылау және мемлекеттік қызметтерді үйлестіру басқармасының негізгі міндеттері:*

– мемлекеттік көші-қон саясатын іске асыру жөніндегі орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың ведомствоаралық үйлестірілуін қамтамасыз етеді;

– мемлекеттік органдардың халықтың көші-қоны жөніндегі қызметін ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асырады;

– көші-қон үдерістерін бақылауды, талдауды және болжауды жүзеге асырады;

– көші-қон үдерістерін реттеу және бақылау саласындағы шаралар жүйесін әзірлейді;

– халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөніндегі уәкілетті органға көші-қон үдерістеріне жүргізілген мониторинг нәтижелерін ұсынады.

4. Kovid i vybory v Germanii: pervaya proverka nastroyenij izbiratelej. [Electronic resource] – Available at: <https://www.dw.com/ru/kovid>. (Accessed: 19.11.2021) [in Russian]
5. Vybory-2020: agitaciya perekochevala v «Instagram». Radio Azattyk. [Electronic resource] – Available at: <https://rus.azattyk.org/a/30828429.html>. (Accessed: 17.11.2021) [in Russian]
6. Bilyalova M., Amandykova S., Musilimova K., Ilyassova G., Nukusheva A. Some questions of improvement of electoral legislation in the Republic of Kazakhstan. // Journal of Legal, Ethical and Regulatory Issues this link is disabled, 2019, 22(2), str. 1–10. [Electronic resource] – Available at: <https://www.scopus.com> (Accessed: 19.11.2021) [in English]
7. Elena Gunkel'. ES ukazal na ogranichenie osnovnyh svobod na vyborah v Kazahstane. [Electronic resource] – Available at: <https://www.dw.com/ru/es-dal-ocenku-parlamentskim-vyboram-v-kazahstane>. (Accessed: 17.11.2021) [in Russian]
8. Larisa Dmitryuk. Kak proshli parlamentskie vybory v Kazahstane. [Electronic resource] – Available at: <https://strategy2050.kz/ru/news/kak-proshli-parlamentskie-vybory-v-kazahstane>. (Accessed: 16.11.2021) [in Russian]
9. European Parliament. European Parliament resolution on the human rights situation in Kazakhstan. Procedure: 2021/2544(RSP). [Electronic resource] – Available at: <https://www.europarl.europa.eu/doceo/document>. (Accessed: 16.11.2021) [in English]
10. Ibraeva N.A. Pravovoj status nablyudatelej na vyborah v Respublike Kazahstan. Seriya obshchestvennye nauki №4 (1). - 2020 . - S. 34-38. [in Russian]
11. Ob itogah ocherednyh vyborov deputatov Mazhilisa Parlamenta Respubliki Kazahstan sed'mogo sozyva 10 yanvarya 2021 goda i raspredelenii deputatskih mandatov Mazhilisa Parlamenta Respubliki Kazahstan po itogam golosovaniya po partijnym spiskam. [Electronic resource] – Available at: <http://www.election.gov.kz/rus/news/acts>. (Accessed: 16.11.2021) [in Russian]
12. Konstitucionnyj zakon Respubliki Kazahstan ot 2 iyunya 2020 goda № 339-VI ZRK O vnesenii dopolnenij v Konstitucionnyj zakon Respubliki Kazahstan «O Parlamente Respubliki Kazahstan i statute ego deputatov». Informacionno-pravovaya sistema normativnyh pravovyh aktov Respubliki Kazahstan «Әdilet» [Electronic resource] – Available at: <http://www.adilet.zan.kz>. (Accessed: 19.11.2021) [in Russian]

13. Zakon Respubliki Kazahstan ot 15 iyulya 2002 goda № 344-II «O politicheskikh partiyah» s izmeneniyami i dopolneniyami po sostoyaniyu na 25.05.2020 g. Informacionno-pravovaya sistema normativnyh pravovyh aktov Respubliki Kazahstan «Әdilet» [Electronic resource] – Available at: <http://www.adilet.zan.kz> (Accessed: 19.11.2021) [in Russian]

**Сведения об авторе:**

*Ibraeva N.A.* – The 2nd year Ph.D. student, the Higher School of Law of Astana International University, Astana, Kazakhstan.

*Ибраева Н.А.* – Астана Халықаралық университеті Құқық жоғары мектебінің 2 курс докторанты, Астана, Қазақстан.

Н. Сәулен<sup>1</sup>  
Е.С. Жамбаев<sup>2</sup>  
А.Н. Сагадиев<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Парламентаризм институты, Астана, Қазақстан  
<sup>2,3</sup>А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан  
(e-mail: nuri\_saulen@mail.ru, zhambaev\_es@mail.ru, 02-kz@mail.ru)

## Қоғамды цифрландыру және ақпараттандыру конституциялық құндылықтарды өзгертудің триггерлері ретінде

**Аңдатпа.** Давостағы Дүниежүзілік экономикалық форумның президенті Клаус Швабтың бір аттас кітабында технологиялық прогреске төртінші өнеркәсіптік революция себеп болды және ақпарат ол жерде басты маңызды рөл атқарды, ол қоғамдық өмірді барлық жағынан болмаса да, оны жан-жақты тез және әрі қарай өзгертетіні анық және адамзат тарихында мұндай технологиялық даму деңгейін ешкім көрмеген және бұрын-соңды болмағаны күмәнсіз деп жарияланған. Осыған орай ақпараттық және цифрлық алаңда туындайтын жаңа құқықтық қатынастарды зерттеудің өзектілігі күмән тудырмайды. Осы мақаланың мақсаты – әркімнің жеке өмірге құқығы, телефонмен еркін қауіпсіз сөйлесу және тағы басқа да құқығы жайында, сонымен қатар әр адамның заң жүзінде шексіз еркін ақпарат таратып ақпарат алу құқығы сияқты конституциялық құндылықтардың трансформациясына цифрландыру мен ақпараттандырудың қазіргі кездегі жағдайы мен әсерін зерттеу болып табылады. Зерделеу барысында үш нәтижеге қол жеткіздік, біздің ойымызша, солардың ішіндегі ең маңыздысы, тиісті құқықтық актіні дамытып дайындау және құқықтық айналымға «Ақпаратты пайдалану ережелері» (ақпараттық диета) деген ұғымды енгізу қажеттігі туралы ұсыныс, ол біз ойлағандай, бейінді мамандарды, соның ішінде медицина ғылымдарының қызметкерлерін тарта отырып, одан әрі толық зерттеу мен талқылауды қажет етеді деп санаймыз. Клаус Швабтың пайымдауына сүйенсек, біз әркімнің жеке өміріне, жеке құпиясына, телефон арқылы сөйлесу құпиясына және т.б. сияқты конституциялық құндылықтардың қысқа мерзімде мүлдем жойылып кетуі мүмкін деген қорытындыға келіп отырмыз.

**Кілт сөздер:** цифрландыру, ақпараттандыру, ақпарат, әлеуметтік желілер, Интернет, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, конституциялық құндылықтар, өнеркәсіптік революция, жеке өмір.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2022-140-3-32-46>

### Кіріспе

Отандық Конституцияда әркім өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазыққан хаттарының, телефон арқылы сөй-

лескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы бар. Бұл құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана

жол берілетіні жайлы конституциялық құндылықтар бекітілген [1].

Алайда, бүгінгі таңда, Клаус Шваб атап өткендей, Интернетті пайдалануға байланысты, сондай-ақ өзіміздің әртүрлі типтегі желілерге қосылу дәрежесінің артуынан туындайтын жеке адамдар деңгейіндегі ең маңызды проблемалардың бірі жеке өмірге қол сұғылмаушылыққа қатысты. Гарвард университетінің саяси философия маманы Майкл Сандел атап айтқандай, бұл мәселе күннен күнге күрделене түсуде, себебі «біз жиі қолданатын көптеген құрылғыларға қатысты ыңғайлы ету үшін біз құпиялылықты айырбастауға дайын сияқтымыз». Эдвард Сноуденнің ашықтықтың жоғары деңгейіне қол жеткізген әлемдегі жеке өмірге қол сұғылмаушылықтың маңыздылығы туралы ашқан ашық ойлары жаһандық пікірталас енді басталуда, ал біз қазірдің өзінде Интернеттің ырықтандыру мен демократияландырудың теңдессіз құралы бола алатынын, бірақ сонымен бірге халықтың кең ауқымдарын сайлаусыз, алысқа бара жатқан және байқалмайтын қадағалау үшін жағдай туғызатынын байқап отырмыз. Эдвард Сноуденнің ашықтықтың жоғары деңгейіне қол жеткізген әлемдегі жеке өмірге қол сұғылмаушылықтың маңыздылығы туралы ашқан ашық ойлары жаһандық пікірталас енді басталуда, ал біз қазірдің өзінде Интернеттің ырықтандыру мен демократияландырудың теңдессіз құралы бола алатынын, бірақ сонымен бірге халықтың кең ауқымдарын сайлаусыз, алысқа бара жатқан және байқалмайтын қадағалау үшін жағдай туғызатынын байқап отырмыз [2; 82].

Қазіргі уақытта біз БАҚ-та кейбір хакерлер деп аталатын адамдармен жеке құпия ақпаратты ұрлау үшін серверлер мен веб-сайттарды бұзулары туралы жиі естиміз және бұл заманауи құбылыс өте жиі және мүлдем басқа ауқымда орын алууда.

Мысалға алатын болсақ, ресейлік халықаралық ақпарат агенттігі РИА Новости 2014 жылғы 9 қаңтарда жариялаған мәліметтерге сәйкес, АҚШ-тың бұрынғы барлау қызметкері Эдвард Сноуден АҚШ қарулы күштерінің барлау операцияларына қатысты 1,7 миллионға жуық файлды ұрлаған [3].

Қазақстандағы, қолдағы бар ақпаратқа сәйкес, 2021 жылдың 04 сәуірінде KZ-CERT компьютерлік инциденттерге ден қою қызметі Facebook әлеуметтік желісіндегі 3 миллионнан астам қазақстандық қолданушылардың деректерінің бұзылғанын анықтады, деп хабарлайды мемлекеттік техникалық қызмет (МТҚ) [inbusiness.kz](http://inbusiness.kz) Интерфаксқа сілтеме жасай отырып. «Қаскүнемдердің құрбанына айналудың көптеген қауіптері бар: жеке тұлғаға қатысты кез келген ақпаратты жария етуден; бопсалау; банк картасынан қаражатты заңсыз есептен шығарудан; жеке өмірге араласудан; балаларға төнетін қауіпке дейін, мысалы, олар оқитын мектептер туралы деректерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаған жағдайлар», - делінген хабарламада [4].

Клаус Шваб атап өткендей, бұл әлі барлығы емес, біздің миымыздың жеке және ұжымдық деңгейде қалай жұмыс істейтінін жақсы түсіну үшін пайдасын тигізбейтін біздің жеке және кәсіби өміріміздің бірде-бір саласы жоқ. Бұл факт, соңғы бірнеше жылдары әлемдегі ең жомарт демеушілік жасаған екі зерттеу бағдарламасының миды зерттеу саласына қатысты болғанын көрсетеді: «Адам миы жобасы» (бұл бағдарламаға он жыл ішінде Еурокомиссия бір миллиард еуро жұмсаған), және Президент Б. Обаманың «Инновациялық нейротехнологияларды дамыту арқылы миды зерттеу» бастамасын (BRAIN бастамасы) айтуға болады. Бұл бағдарламалар ең алдымен ғылыми және медициналық зерттеулерге бағытталғанына қарамастан, біз медицинаға қатысы жоқ өміріміздің аспектілерінде нейротехнологиялардың тез өсуіне (және әсеріне) куә болып отырмыз.

Нейротехнологиялар ми қызметін бақылау және өзгерістерді қадағалау (немесе) мидың әлеммен қарым-қатынасын қадағалап бақылау үшін қолданылады [2, 135].

Мысалға, 2015 жылы нейрошлемдердің (оның құны осы уақытта ойын консолінен де арзан тұрады) тасымалданатындығы мен қолжетімділігі бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктерді береді, бұл біз нейрореволюцияның ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы үлкен және ауқымды өзгерістердің куәсі болуымыз мүмкін екенін көрсетеді [5].

Бір сөзбен айтқанда, отандық ғылыми қоғамдастыққа, оның ішінде құқықтанушыларға, сондай-ақ тиісті уәкілетті органдарға осыған байланысты жұмыс істеу керек деген ой білдіреміз.

### Зерттеу әдістері

Салыстырмалы-құқықтық әдіс, сондай-ақ конституциялық құқық саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде ұсынылған, ақпаратты алу мен таратуды реттеу проблемаларына арналған цифрландыру идеялары зерттеудің әдіснамалық негізі болып табылады. Жұмыста келесі зерттеу әдістері қолданылады: жүйелік-құрылымдық әдіс, талдау және синтез әдістері, формальды-құқықтық әдіс.

### Талқылау

Осы уақытқа дейін әр елдің конституциялық құндылықтар тізбесі уақыт өте келе сандық және сапалық өзгерістерге сөзсіз ұшырайтыны белгілі. Оған елдің қоғам-дық-мемлекеттік құрылымының өзгеруі себеп (шетелдік контингенттің өсуі, құрылу (аккультурация), халықаралық ұйымдарға қосылу және т.б.). Қазіргі жаңа заманауи әлем цифрландыру дәуірінің жаһандық сын-қатерлерін ескере отырып, өзінің мемлекеттілігінің сапалы жаңа шарттарын құру бағытында. Бұл конституциялық құқықтың барлық дерлік институттары мен санаттарын қайта қарау керек дегенді білдіреді, яғни оның тұжырымдамасынан бастап және цифрлық құқықтармен қатар адам құқықтарының жаңа буынын негіздеуге дейінді білдіреді. Жаңа көзқараста конституциялық құндылықтарды да жан-жақты мағыналы түсіну қажет. Құндылық кез-келген әлеуметтік қатынастар субъектілерінің өмір сүру деңгейінің барлық салалары мен деңгейлерін қамтитын әмбебап және көп өлшемді категория, бұл субъектілер үшін олардың арасындағы қатынастардың сипатын анықтайтын көрсеткіш болып табылады. Философиялық, әлеуметтанулық және құқықтық аспектілермен делдал болған категория ретін-

де құндылық жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделерінде, олардың бағдарлары мен артықшылықтарында көрінеді, соның арқасында олар бір-бірімен белгілі бір қатынастар орнатады [6, 7]. Құндылықтар осы субъектілердің танымдық, шығармашылық және практикалық әрекеттерімен байланысты, нәтижесінде олардың ерікті шешімдері туады, олардың заңды және құқыққа қарсы мінез-құлқы қалыптасады [7, 5]

Қазақстан үшін тарихи құндылықтар әрқашан қазақстандық мемлекеттілікті дамытудың негізгі бағдарлары рөлін атқарған, бұған Қазақстан Республикасы Конституциясы кіріспесінің ережелері де дәлел бола алады: «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, ... өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, .. осы Конституцияны қабылдаймыз.» - деп жазылған [1].

Бұл ережелер тарихи даму мен жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесінің сабақтастығы туралы айтады. Отандық заңнамада «құндылық» терминінің анықтамасы заңды түрде бекітілмеген. Осыған орай, біздің ойымызша, конституциялық құндылықтарды қоғамдық-мемлекеттік дамудың жалпыланған, негізгі, стратегиялық басымдықтары (қағидаттары мен мақсаттары) түрінде көрініс табатын қоғамдық-мемлекеттік құрылымды ұйымдастыру және дамыту туралы тарихи, мәдени және сана-сезім деңгейінде қалыптасқан түсініктер мен идеалдар, Конституция және конституциялық заңдар деңгейінде елдің конституциялық дамуының векторы ретінде айқындалған және бекітілген және жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің өзара дамуын қамтамасыз ететін конституциялық-құқықтық мүдделерінің оңтайлы теңгерімін қолдау мақсатында нақты дәуір жетістіктері жағдайында конституциялық бақылау органы түсіндіруі ретінде ұғынуға болады.

Осылайша, Қазақстан Республикасының Конституциясы «құндылық» ұғымына жоғары мән береді, осыған байланысты оның нормаларын түсіндіру конституциялық құндылықтардың нақты мазмұнын ескеру кезінде



жүзеге асырылуы тиіс. «Құндылық» санатының қолданылуы Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабының 1-бөлігінде көрсетілген [1]. Бұндай конституциялық құндылықтар, осы нормаларда аталған «Адам, оның құқығы мен бостандығы», бұны цифрландыру жағдайында қайта қаралу қажет. Осы ретте «Цифрлық жеке тұлға, оның цифрлық шындық жағдайындағы құқықтары мен бостандықтары» деген жаңа мазмұнды қалыптастыру туралы айтуға болады. Конституциялық құндылықтар тізімін кеңейтудің себептерінің бірі-жалпы әлемдік цифрландыру. «Цифрлық конституциялық құндылықтарды» қалыптастыру кезінде іргелі халықаралық құжаттар бастапқы қағидаттарға айналады. Мысалға, 2003 жылғы цифрлік мұраны сақтау Хартиясы [8] мемлекеттер үшін жаңа конституциялық құндылықтар құрып және цифрлік мұра жайында айтады. Бұрынғы тарихи-мәдени мұрадан айырмашылығы, мемлекеттің цифрлық мұраны қорғауы, оған тең қол жеткізуді қамтамасыз ету, болашақ ұрпақтардың оған қол жеткізу құқығын қорғау жөнінде шаралар қабылдау қажеттілігі алмастырылады. Осы жерде құқықтың жаңа белгілері көріне бастайды – алдын-ала болжау функциясына ие болуы керек. Сонымен бірге Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының (бұдан әрі – БҰҰ) құжаттары аса маңызға ие, ол жерде әлемдік «цифрлік конституциялық құндылықтарды» қорғау қажеттілігін белгілеп өткен. Осылайша, 2013 жылғы желтоқсанда БҰҰ № 68/167 қарар (резолюция) қабылдады, онда хабарламаларды бақылау және оларды ұстап алу адам құқықтарын жүзеге асыру үшін теріс салдары болуы мүмкін деген терең алаңдаушылық білдірді. БҰҰ адамның офлайн ортадағы құқықтары онлайн ортада да қорғалуы керек екенін растады және барлық мемлекеттерді цифрлық байланыс контекстінде жеке өміріне қол сұғылмау құқығын құрметтеуге және қорғауға шақырды [9]. Осы халықаралық құжаттарды есепке ала отырып, алдыңғы қатарлы батыс елдерінің сот тәжірибесінде қазіргі уақытта «цифрлік конституциялық құндылықтарды» қорғау жолына түскен. Мысалы, 2020 жылдың мамыр айын-

да Германия Федеративтік Республикасының Конституциялық соты өзінің Конституциясының Федералды барлау қызметі туралы Заңның ережелеріне сәйкес келмейтіндігі туралы шешім қабылдады, онда барлау қызметіне осындай қызмет үшін қызықты ақпарат үшін үлкен ақпараттық ағындарды тексеру құқығы берілген [10]. Соттың ойына сәйкес, бұндай құқық телекоммуникациялық байланыспен бұқаралық ақпарат құралдарының құпиясын бұзады. Осы аталған жолмен Ресей Федерациясы да бағыт алды, олар 2020 жылы әзірленген, өзінің Конституциясына түзетулер мен өзгерістер енгізуге ұсыныс білдірді, ол ережелер жайында, елді жүргізуге ақпарат, ақпараттық технологиялар, және байланыс, қоғамның, жеке тұлғаның және цифрлік декректердің айналымы, мемлекеттің ақпараттық технологияларды қолданудағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жатты [11]. Әлемде жаңа конституциялық құндылықтарды бекітумен қатар, Интернеттің ғаламдық компьютерлік желісіндегі бірқатар құқықтар шектеліп, сол конституциялық құндылықтарды, атап айтқанда, арнамыс пен қадір-қасиетті, қоғамдық және ұлттық қауіпсіздікті алдыңғы қатарға шығарады. Мысалға алатын болсақ, 2020 жылы Францияда әлеуметтік желілерде ерсіз сөздерге тыйым салу туралы заң қабылданды. Бұл көрсетілген заңда платформалармен іздеу жүйелерінде қорлау сипатындағы сөздерді өшіру міндеттеледі – зорлық зомбылық пен қорлық және нәсілшілдік немесе діни фанатизмге шақыстыру – 24 сағат ішінде жойылады. Қарсы болған жағдайда оларға 1,25 миллион еуро көлемінде айыппұл салынады [12]. Қазақстан бірқатар халықаралық ұйымдардың мүшесі және халықаралық өмірге белсенді қатысатын субъект ретінде цифрландырудың сын-қатерлерін қабылдайды, соның нәтижесінде көптеген адам құқықтарын құрайтын, бар конституциялық құндылықтарды сапалы түрде жаңадан қайта ойластыру жүріп жатыр. Мысалға алатын болсақ, цифрландыру шарттары бойынша маңызды конституциялық құндылықтарға ақпарат алу құқығы жатады. Дәл осы құндылықты – дәрігерлік, адвокаттық, коммерциялық, қызметтік, бала асырап

алу жағдайларында, хат алмасу, телефондық және хабарлама, жеке және отбасылық өмірде, тағы да басқа әртүрлі құпиялардың «бастапқы нүктесі» ретінде есептеу керек.

Күн сайын ақпараттық технологиялар адамның, қоғамның және мемлекеттің өмірін жаңа мүмкіндіктермен толықтыруда. Қол жеткізілген прогресс ақпаратпен жұмыс істеді едәуір жеңілдетті, оны жаппай тұтынуға қол жетімді етті және сонымен бірге оны көздің қарашығынан қорғап, оның бір бөлігіне кіруді шектеді. Шын мәнінде, әңгіме ақпараттық құқықтық қатынастарда жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің мүдделерінің конституциялық-құқықтық теңгерімі қағидатын қамтамасыз ету туралы болып отыр. Мұндай теңгерім – бұл конституциялық құқықтық тәртіпті, оның ішінде цифрлық қайта құру жағдайларында сақтау мақсатында ақпараттық саладағы жоғарыда аталған субъектілердің конституциялық-құқықтық мүдделерінің теңгерімділігінің жай-күйі ғана. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі осы аталған қағиданы өзінің қызметі ретінде қолданады. Мәселен, «Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру және «Балаларды денсаулығына және дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне балаларды денсаулығына және дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі тұрғысында тексеру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 3 нормативтік қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне балаларды ақпараттан қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етті: 1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабы 1-тармағының нормасын, Негізгі Заңның 39-бабының 1-тармағымен өзара байланыста,

өтініш нысанасына қатысты, мемлекет неке мен отбасын, ана, әке және баланы қорғау жөніндегі өз міндеттемелерін орындау мақсатында Конституцияның 20-бабының 2-тармағында көзделген адам құқығын шектейтін заңдар қабылдауға құқылы деп түсінген жөн. 2. Қазақстан Республикасының Парламенті 2015 жылғы 19 ақпанда қабылдаған «Балаларды денсаулығына мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын және 2015 жылғы 28 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің қол қоюына ұсынылғанын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес емес деп танылсын [13].

Сол арқылы Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі тиісті конституциялық құндылықтарды қорғауды жүзеге асыру кезінде жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің мүддесі үшін басымдықтарды қалай қою керектігін көрсетті, бұл қазіргі әлемде екпінді болып жатқан цифрлық қайта құрулар дәуірі жағдайында аса маңызды. Қазір ақпараттық егемендік пен киберқауіпсіздік жайында конституциялық құндылықтар ретінде айтуға болады, осы жағдайға Конституциялық Кеңесте өз уақытында 2021 жылы Қазақстан Республикасының конституциялық заңдылығы жөніндегі өз Жолдауында көңіл аударды, цифрландыру деңгейінің өсуіне байланысты жеке деректердің қауіпсіздік мәселелері жаңартылды және азаматтардың қадір-қасиетіне қол сұқпауға, жеке өміріне, өзіндік өміріне және отбасылық құпиялары жайлы конституциялық құқықтары жүзеге асырылды, сонымен қатар оларға мемлекеттік қызметтердің жеке түрлерін сапалы жіберу тікелей әсер етеді (мемлекеттік қызметтер, сот ісін жүргізу және т.б.).

Ақпараттық технологияларды қолдануды тереңдету мемлекеттік егемендіктің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын цифрлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, заңмен



қорғалатын мәліметтерге қол жеткізу тетіктерін күшейту, аталған конституциялық құндылықтарды жүзеге асыру кепілдіктерін нығайту, сондай-ақ дәстүрлі құқықтық институттардың (құқық бұзушылық пен жауапкершілік субъектісі, құқық бұзушы, жәбірленуші және басқалар) мазмұнын қайта ойластыру жөніндегі шаралармен қоса жүргізілуге тиіс. Осы салада қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілердің әр түрлілігін ескере отырып, оларды бір салалық заңнамалық акт шеңберінде кодификациялау мүмкіндігін зерделеуге болады [14].

Осы және басқада жаңашылықтарды теңестіруге болмайды, сонымен қатар, оларға белгілі сақтықпен қарау керек, себебі Қазақстанда олардың кейбіреулерінің қолдану тәжірибесі мүлде болмаған немесе енді ғана құрыла басталуда. Біздің ойымызша, жаңа цифрлік конституциялық құндылықтар заңнамадан көрініс табу керек сияқты. Әсіресе осы жерде «ақпараттық егемендік» секілді маңызды құндылықтарға көңіл бөлу керек, мемлекетте белгілі бір кепілдіктің құрылуын ақпараттық технологияларды қолданатын сыртқы араласулардан қорғау керектігін білдіреді. Цифрлық мемлекет (цифрлық экономика, электрондық үкімет және сот төрелігі) және ақпараттық қоғам да Қазақстан Республикасындағы цифрлық конституциялық құндылықтар болып табылады. Сонымен бірге, жеке тұлға да қайта қарастыруға жатады, осыған байланысты цифрлық жеке тұлға туралы конституциялық құндылық тұрғысынан қарастыра отырып, оны жүргізуге болатын уақыт келеді деп айтуға болады. Цифрландыру процесі, бір жағынан, адамға, қоғамға және мемлекетке жағымды әсер етеді, екінші жағынан, олардың қалыптасқан қарым – қатынасын бұзады, олардың мүдделерінің қалыптасқан конституциялық-құқықтық тепе-теңдігін өзгертеді. Цифрлық дәуірде технология қоғамға еніп, оны «ақпараттық қоғам» деп атайды. Өз кезегінде, адам виртуалды әлемге «баруға» мәжбүр болады және «виртуалды» санатына ауыстырылады. Бірақ әр бір тұлға ондай өзгерістерге дайын емес, сондықтан олардың барлығы «жаңа» қоғамға қосылмай-

ды. Бұл цифрландырудың адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынастың сипатын түбегейлі өзгертегіндігіне байланысты адамдар арасындағы дәстүрлі байланыс әлсірейді, Ақпараттық технологиялар көмегімен жүзеге асырылатын байланыспен алмастырылады. Цифрландыру жағдайында жеке тұлға туралы идеяларды қайта қарастыра отырып, бір жағынан жасаңды интеллектті қолдану үлкен прогресс, екінші жағынан регрессияның бір түрі екенін ескеру керек, өйткені қоғам жұмыстың неғұрлым қарабайыр формаларын орындауға көшеді және өзінің интеллектісін оны одан әрі дамыту үшін қажет мөлшерде пайдаланбайды. Осылайша мемлекетте белгілі бір регрессивтік іс-әрекет қызметінің стратегиялық бағыттары пайда болуы мүмкін. Бұның соңы неге алып келері белгісіз. Цифрландырудың нәтижесінде қоғамда бұрыннан бар және мүлдем «жаңа» деген туынды «жаңа» конституциялық құндылықтар туындауы мүмкін. Атап айтқанда, мысалы, цифрлық дәуір жағдайында жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің конституциялық-құқықтық мүдделерінің тепе-теңдігі қайта ойластырылып, цифрлық жеке тұлға – ақпараттық қоғам – цифрлық мемлекет арқылы түсінілуі қаралуға тиіс. Түбінде, цифрландыру конституциялық құндылықтардың құпияларына әсер етеді: отбасылық, жеке т.б., бұл жерде жеке тұлғаны өмірі және оның өзінің цифрлік көрінісі, көп қырлы (көп өлшемді) болады. Осы конституциялық теңгерімнің маңызды аспектісі болып оның жаңа көрінісі болып табылады – бұл теңгерім құқық қорғаушылық құрылымдардың компьютерлік ақпараттарға қолжетімділігімен азаматтардың оның құпиялылығына құқығы арасындағы мүмкіндік болып табылады. Мемлекеттің нақты белгілі бір даму деңгейінде конституциялық құндылықтардың орыны, белгілі бір толық билеуші субъект, тарихи дәуірден шыққан, осы ел өмір сүретін, Конституцияның мәтінін түсіндіретін, оның бір қатар құндылықтарын шағылыстыра көрсетіп, ал қажет болған жағдайда – оларды солай қорғап отырады. Қазақстанда конституциялық құндылықтарды қорғаудағы жетекші рөл Қазақстан Республи-

касының Конституциялық Кеңесіне тиесілі. Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Конституциялық Кеңес Қазақстан Республикасы Президентінің, Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігінің, Премьер-Министрдің өтініші бойынша: Парламент қабылдаған заңдардың Республика Конституциясына сәйкестігін Президент қол қойғанға дейін қарайды [1].

Конституциялық Кеңестің өкілеттіліктерінің кең тізімі оған конституциялық құндылықтардың, сонымен бірге цифрлік дәуірде «қорғаныста тұруға» мүмкіндік береді. Өз актілерінде ол Конституциямен бекітілген құндылықтарға негізделген тұжырымдар жасайды. Мәселен, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі 2021 жылғы 21 маусымдағы Жолдауының 4.5 тармағында, атап айтқанда, Конституцияның 39-бабына сәйкес, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін екенін атап өткен болатын. Конституциялық Кеңес атап өткендей, егер мұндай шектеу заңды түрде негізделген мақсаттарға барабар болса және конституциялық маңызы бар құндылықтарды қорғау үшін демократиялық мемлекетте барабар және қажетті болып табылса, осы құндылықтарды қорғау құқықтар мен бостандықтардың шектелуіне себеп болуы мүмкін [14].

Тағы бір мысал, «Алматы қаласы Алатау аудандық сотының ұсынуы бойынша «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 107-бабы 8) тармақшасының конституциялылығын тексеру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2020 жылғы 21 қаңтардағы № 1 нормативтік қаулысында Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі өзінің қорытынды шешімдеріне назар аударды, онда: Қазақстан әлеуметтік мемлекет ретінде өз азаматтарының лайықты өмір сүруі және жеке

адамның өз мүмкіндіктеріне бара-бар еркін дамуы үшін жағдай жасау міндеттемесін өзіне алады. Жоғары құндылықтар деп тану мемлекеттің адамға, оның материалдық әлауқатына қамқорлық жасаудан аса маңызды міндеті жоқ екенін білдіреді (2001 жылғы 21 желтоқсандағы № 18/2, 2004 жылғы 20 сәуірдегі № 3, 2007 жылғы 28 мамырдағы № 5, 2018 жылғы 10 сәуірдегі № 3 нормативтік қаулылары және басқалары). Мемлекеттік әлеуметтік саясаттың мазмұнына енгізілген бұл конституциялық қағидалар азаматтардың тұрғын үй құқықтарын іске асыру саласында да қолданылады, халықтың өмір сүру сапасы олардың жүзеге асырылу деңгейіне байланысты [15].

Осы мәнмәтінде «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі тұрғысында тексеру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2017 жылғы 9 наурыздағы № 1 нормативтік қаулысы назар аударуға тұрарлық, онда Конституциялық Кеңестің пікірінше, Қазақстан Конституциясында жалпы әлемдік және осы қағидаларға негізделген өлшемді теңгерім белгіленген олардың ішінде қазақстандық конституциялық құндылықтар бар. Өз жиынтығында олар өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратын, ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын Қазақстан Республикасының стратегиялық мүдделерін айқындайды [16].

Бұл ретте, Конституциялық Кеңестің өз актілерінде жеке адамның мүдделерін шектеудің қандай да бір конституциялық құндылықтармен өлшемдестігін айқындайтыны да маңызды. Мәселен, «Қарағанды облысы Теміртау қалалық сотының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 361 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасынан шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кетуге арналған құжаттарды ресімдеу қағидаларының 7-тармағы 3) тармақшасының консти-

туциялығын тексеру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2016 жылғы 14 желтоқсандағы № 1 нормативтік қаулысына сәйкес, Конституциялық Кеңес Негізгі Заңның 21-бабының 2-тармағында көзделген әркімнің республикадан тыс жерлерге кету құқығына шектеулерді заңдарды қабылдау арқылы, кейіннен Үкіметтің қаулысымен және ішкі істер министрінің бұйрықтарымен рәсімдік қатынастарды бекіте отырып, бекітудің заңдық тетігі Конституцияға жауап береді деп есептейді.

Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының Парламенті мен Үкіметі Конституцияның 61-бабының 3-тармағына және «Қазақстан Республикасы Конституциясының 54-бабын, 61-бабы 3-тармағының 1) және 3) тармақшаларын, сондай-ақ мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Конституциясының басқа да бірқатар нормаларын ресми түсіндіру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2008 жылғы 15 қазандағы № 8 нормативтік қаулысына, сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Конституциясының 54-бабын, 61-бабы 3-тармағының 1) және 3) тармақшаларын, сондай-ақ мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру мәселелері бойынша басқа да бірқатар нормаларын ресми түсіндіру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2008 жылғы 15 қазандағы № 8 нормативтік қаулысына түсіндірме беру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2013 жылғы 16 мамырдағы № 2 қосымша қаулысында бекітілген Конституциялық Кеңестің құқықтық ұстанымдарына сәйкес әрекет етті.

Конституциялық Кеңес адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына шектеулер енгізетін заңдарға және басқа да нормативтік құқықтық актілерге қойылатын талаптарға қатысты Конституцияның 39-бабының нормаларына ресми түсіндірме берді.

Осылай, Конституциялық Кеңестің 2000 жылғы 7 маусымдағы № 4/2, 2005 жылғы 23 тамыздағы №6, 2009 жылғы 11 ақпандағы № 1 нормативтік қаулыларымен 39-баптың 1-тармағына сәйкес мемлекет Республика Конституциясына сәйкес конституциялық құрылы-

сты қорғау, қоғамдық тәртіпті қорғау қажет болған жағдайда адам мен азаматтың ұжымдық және жеке құқықтары мен бостандықтарын заңнамалық шектеуге бару құқығын өзіне қалдырады.

Конституциямен құқық пен бостандықтардың: «қажетті шамада ғана» шекараларының шектеулері бекітілген (39-баптың 1-тармағы). Бұл ретте шектеу заңды негізделген мақсаттарға барабар болуға тиіс; ол әділеттілік талаптарына сай келуге; конституциялық маңызы бар құндылықтарды қорғау үшін демократиялық мемлекетте барабар, мөлшерлес және қажетті болуға тиіс [17].

Енді, кейбір адамдардың сыни көзқарастарына тоқталсақ. Мәселен, Forbes Kazakhstan журналының сайтында 2021 ж. қазан айының 06 жарияланған «Неге Қазақстанда сайттарды жиі бұғаттап тастайды» деген мақала ерекше көңіл аударуға лайық, осылай Құқықтық медиаорталықтың деректеріне сай, жыл сайын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары интернет ашық кеңістіктерінен заңсыз мазмұнымен 10 мыңнан астам материалдарды «өшіріп» отырады (сайттар сонымен қатар медиафайлдар және интернет-ресурстардағы мәтіндерді). Forbes Kazakhstan бұл қалай жасалып жатқаны жайлы анықтауға тырысты.

Бұғаттаудың екі түрі бар: соттан тыс жағдайда және соттың шешімі бойынша. Соттан тыс тәртіпте сайтты Бас прокурор немесе оның орынбасары жауып тастай алады – егер сайттың ресурсында жеке тұлғаның, қоғам және мемлекеттің қызығушылықтарына зиянын келтіретін ақпарат болса, сайлау жөніндегі заңдарға зиянын тигізсе, террористік және экстремистік іс-әрекеттерге шақырса, көпшілік қоғамдық іс-шараларда қатысса, орнатылған тәртіпке бағынбай өткізілсе, сонымен қатар жас балалардың порнографиясымен кәметке толмаған балаларды сексуалды іс-әрекеттерге итермелеуді насихаттау болса сайтты бекітеді.

Одан бөлек, билік өкілдері соттың шешімісіз сайтты Ұлттық Қауіпсіздік Комитет (бұдан әрі – ҰҚК) төрағасының тапсырмасы бойынша да, оның орынбасарлары мен

ҰҚК-ның аумақтық органдарының басшылары мен олардың орынбасарлары да жауып тастай алады. ҰҚК-ке жолданған рәсімдер туралы сұрау салуға бізге ешқашан жауап берген емес. Алайда, Ақпарат және қоғамдастық даму министрлігінің мәліметтері бойынша, ҰҚК қызметкерлері егер бұл кейінге қалдыруға болмайтын және ауыр қылмыс жасауға әкеп соқтыруы мүмкін жағдайда ресурстарды бұғаттай алады. Кейбір жағдайларда интернет-ресурстарды соттан тыс жағдайда Ішкі істер министрлігі мен Қорғаныс министрлігі де бұғаттай алады. Кейбір жағдайлардың астында әлеуметтік, табиғи немесе техногендік шектен тыс қауіпі бар жағдайларды айтуға болады. Соттың шешімінен тыс сайтты сонымен қатар мемлекеттік органдарда мемлекетте төтенше жағдай болғанда бұғаттай алады. Өткен жылы пандемияға байланысты болған төтенше жағдайда, айта кету керек, белгілі бір мағынада құқық қорғаушы органдарға еркіндік берді, президенттік байланыстан басқа интернет-ресурстарға өз қалауынша шектеу қойып бұғаттап тастауға мүмкіндік берді.

Егер уәкілетті орган мониторинг негізінде бұзушылықтарды анықтап, содан кейін істі сотқа жіберсе, сот шешімі бойынша сайт бұғатталуы мүмкін. Ақпарат вице-министрі Асқар Омаровтың айтуынша, ҚР заңнамасын бұзған ресурстарды анықтау үшін министрлік өз құзыреті шегінде ақпараттық кеңістікке мониторинг жүргізеді. «Министрлік бұзушылықтар анықталған не мүдделі мемлекеттік органнан телекоммуникациялар желісі бойынша тыйым салынған тізімге жататын ақпаратты тарату туралы хабарлама алынған жағдайда, «Байланыс туралы» Заңның 41-1-бабында көзделген тәртіппен интернет-ресурсқа қол жеткізуді шектеу туралы нұсқама дайындайды. Нұсқама орындау үшін байланыс операторларына және «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ-ға жіберіледі», - деп түсіндіреді Омаров.

2017 жылы Еуропа Кеңесінің тапсырмасы бойынша жүргізілген «Filtering, blocking and take-down of illegal content on the Internet», зерттеу деректері бойынша, дүние жүзі бойынша тыйым салынған интернет-ресур-

стармен күресудің екі моделі бар. Біріншісі интернет-мазмұнды бұғаттаудың арнайы нормативтік-құқықтық реттеуі жоқ елдерде жұмыс істейді, сондықтан олар интернетке тән емес жалпы нормативтік базаны басшылыққа алады. Екінші модель интернетті және басқа да цифрлық медианы реттеудің мамандандырылған нормативтік базасын қабылдаған елдерді біріктіреді. Мұндай елдерде, әдетте, бұғаттау үшін жағдайлар мен нақты негіздер анықталған (балаларға қатысты зорлық-зомбылық, терроризм қаупі, ұлттық қауіпсіздік, қылмыстық іс-әрекет, өшпенділікті тудыру және т.б. көріністері бар материалдар). сонымен бірге әр бір модель, авторлардың есептеуі бойынша, тиімсіз, өйткені бұғаттап жауып тастау шешімдері жиі жалғандыққа оң әсер береді [18].

Жоғарыда көрсетілген мақалада айтылған объективті сынға қарамастан, біз Қазақстанда конституциялық құқықтық тәртіпті, оның ішінде цифрлыққайтақұру жағдайында қорғанды көздейтін ақпараттық құқықтық қатынастарда жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің мүдделерінің конституциялық-құқықтық теңгерімі қағидатын қамтамасыз ету жөніндегі жеткілікті тиімді құқықтық тетік құрылған деп санаймыз. Ия негізінде сайттардағы заңсыз ақпараттарды соттың шешімінен кейін жауып тастау дұрысырақ болар еді, ол белгілі бір уақытты қажет етеді, олар заманауи технологиялардың көмегі арқылы «өрттің» жылдамдығымен таралып жатыр, бірақ заңсыз ақпараттардың жылдам таралуын тоқтату мақсатында, сөзсіз тиісті мемлекеттік органдардың дереу әрекет жасауы ақылға сыйымды. Ал сайт әкімшілері шешіммен келіспеген жағдайда, олар Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген тәртіппен оған шағымдануға құқылы. Бұл жағдайда мемлекет адамның және бүкіл қоғамның қауіпсіздігін бірінші орынға қояды.

## Нәтижелер

*Біріншіден.* Клаус Швабтың пайымдауына сүйене отырып, біз әркімнің жеке өміріне, жеке және отбасылық құпиясына, жеке са-



лымдарға, телефон арқылы сөйлесуге және т.б. құқығы сияқты конституциялық құндылық жақын болашақта мүлдем жоғалып кетуі мүмкін деген қорытындыға келеміз. Керісінше, заңмен тыйым салынбаған жолмен, әр адамның ақпаратты еркін таратып және еркін алу құқығы, өзін жеке конституциялық құндылық ретінде бейнелейтін, басқа «түске» боялады, адамның да, мемлекетінде ақпараттық әлемі ашық таза болады, ақпарат бұрын болмаған жылдамдықпен таралып жатыр, ал уақыт өте оның ағымдары мен жылдамдығы бірнеше есе көлденең де және төменнен жоғары қарай да ұлғаяды. Бұл ақпараттық кеңістік пен ашықтық, қазірдің өзінде жеке IT-компаниялардан тыс басқарылады, жақсы үлгідегі мысал ретінде алатын болсақ, «мәңгіге» Twitter және Facebook тағы АҚШ экс-президенті Дональд Трамптың аккаунтарын бұғаттап тастауын айтуға болады (мемлекеттің ең жоғары лауазымды тұлғасы).

*Екіншіден.* Цифрландыру жағдайындағы маңызды конституциялық құндылық ақпарат алу құқығы болып табылады. Дәл осы құндылықты әртүрлі құпиялардың – медициналық, адвокаттық, коммерциялық, қызметтік, бала асырап алу, жеке және отбасылық өмір, хат-хабарлар, телефон және басқа хабарламалар және т. б. үшін «бастапқы нүктесі» деп санау керек.

Осы жағдайда біз құқықтық айналымға (ақпараттық диета) «ақпаратты қолдану ережелері» деген түсінікпен тиісті құқықтық акт әзірлеу керек деген ұсыныстар білдіреміз, біздің ойымызша оны әрмен қарай жоғары мамандандырылған мамандардың көмегімен оның қатарында медициналық ғылыми қызметкерлермен зерттеу және талқылау қажет. Жол жүру ережелеріне ұқсас, біз білетіндей технологиялық дамудың нәтижесінде 20-шы ғасырдың елді мекендерінің көшелерінде көліктер жаппай пайда бола бастады (сөзсіз пайдалы және тиімді, бірақ сонымен қатар қауіптің қайнар көзі болып табылады, мысалдар келтіру артық деп ойлаймын), олар жолдардан ат арбаларды тез ысырып тастады, сол себепті адамдар оны қолдану үшін сәйкес келетін ережелерді ойлап табуға мәжбүр бол-

ды. Сондай-ақ, қазіргі уақытта теледидар мен радио ақпаратты тарату құралы ретінде Интернет және WhatsApp әлеуметтік желілерінен «имплантацияланатын технологияларға», жаңа интерфейс ретінде «цифрландыруға», «суперкомпьютер қалтаңызда» және т. б. дейінгі ақпаратты беру бойынша оларға негізделген технологиялар белсенді түрде ығыстырылуда.

*Үшіншіден.* Жалпы белгілі факт – ақпарат адамның миы үшін «тағамның» түрі болып табылады, соның негізінде адамда қоршаған айналадағы процесстерден түсінік қалыптасады, ол шешім шығарады. Қазіргі кезде ақпаратты бақылаусыз қабылдау өте қайғылы жағдайларға әкеліп соқтыруы мүмкін. Жарқын мысал адамның іс-әрекетіне ақпараттық мазмұнның теріс әсері ретінде, 2021 жылғы 11 мамырдағы 175-ші Казаньдағы мектепке Ильназ Галявиевтің шабуылын айтуға болады, ол сол мектептің түлегі болған, бұрын сол мектепті аяқтаған екен, нәтижесінде жаппай атыстың салдарынан жеті бүлдіршін және екі үлкен адам қаза болды, немесе басқа мысал, 2021 жылы 20 қыркүйекте Пермь жоғарғы оқу орнындағы, ол жерде шабуылдың нәтижесінде сегіз адам қаза болып, 24 адам жапа шекті. Оқтың астына алған 18 жасар Тимур Бекмансуров болып шықты. *Осы жерде біз бір нәтижеге келеміз, қоғам бұрын болмаған және мүлде жаңа құбылыспен кездесті, оның нәтижесінде адам көргенін қайталаймын деп осындай ауыр қылмыстарға барады.*

Осыған байланысты, біз сонымен бірге жоғарғы білім беру орындарына және мектептерге бағдарламалар әзірлеу жөнінде ұсыныс енгіземіз, осыған сәйкес пән енгізу керек шартты түрде «Ақпараттық қауіпсіздік және адамның өмір сүру әрекеті» деп атауға болады, соның көмегімен білім алушылардан «ақпараттық иммунитет» қалыптастыруын талап ету қажет, және соны оқу нәтижесінде оларда «ақпараттарды қолдану ережелері» туралы түсінік пайда бола алады, ақпараттардың түрлері, оның пайдасы мен зияны, оның мөлшері туралы, және соңғы есепте оның алпауыт ағымдарында дұрыс шарлай білу қажет.



## Қорытынды

Жаһандандудың қазіргі заманғы болмысында, цифрландыру мен ақпараттандырудың ауқымды процестерінде Қазақстанның Конституциялық Кеңесі қандай да бір конституциялық құндылықтарды көрсете отырып, «жаңаларының» пайда болуына кедергі келтірмей, көптеген жылдар бойы қалыптасқан конституциялық құндылықтардың орнығуын сақтап, қазақстандық бірегейлікті көрсетуге тырысады, осылайша, ол елде конституциялық заңдылықты қамтамасыз етуге және

қолдауға бағытталған өз функциясын жүзеге асырады.

Әлемде өрістеп жатқан төртінші өнеркәсіптік революция конституциялық құндылықтарды қорғау саласындағы алдыңғы қатарға мемлекетті шығаратынын атап өтеміз. Бұл ретте цифрлық және ақпараттық технологиялардың дамуын ескере отырып, адамның құқықтары мен бостандықтарын, құқықтық тәртіпті, ұлттық қауіпсіздікті, егемендікті тиімді әрі толық көлемде қорғауды қамтамасыз етуге қабілетті құқықтық ұлттық мемлекет.

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. [Электрондық ресурс]. – Кіру режимі: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000\\_#z78](https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_#z78) (қаралған күні: 10.07.2022).
2. Клаус Шваб, Четвертая промышленная революция =The Fourth Industrial Revolution. – Эксмо, 2016. - 208 с. - ISBN 978-5-699-90556-0. [Электрондық ресурс]. – Кіру режимі: [http://ncrao.rsvpu.ru/sites/default/files/library/k\\_shvab\\_chetvertaya\\_promyshlennaya\\_revolyuciya\\_2016.pdf](http://ncrao.rsvpu.ru/sites/default/files/library/k_shvab_chetvertaya_promyshlennaya_revolyuciya_2016.pdf) (қаралған күні: 11.07.2022).
3. Сноуден похитил 1,7 миллиона файлов о разведывательных операциях США [Электрондық ресурс]. – Кіру режимі: <https://ria.ru/20140109/988470920.html> (қаралған күні: 24.07.2022).
4. Хакеры похитили личные данные более 3 млн казахстанских пользователей сети [Электрондық ресурс]. – Кіру режимі: <https://inbusiness.kz/ru/last/hakery-pohitili-lichnye-dannye-bolee-3-mln-kazahstanskih-polzovatelej-seti-facebook> (қаралған күні: 13.07.2022).
5. Фернандес А., Шприраман Н., Гуревич Б., Ульер О. (2015). «Всепроникающая нейротехнология: революционный анализ более чем 10 тыс. заявок на патенты, изменяющих медицину, здравоохранение, развлечение и бизнес». SharpBrains, США (206 с.) <http://sharpbrains.com/pervasive-neurotechnology/> (қаралған күні: 14.07.2022).
6. Балаянц, М.С. Фундаментальные правовые ценности современного общества: автореф. дисс. ... канд. юрид. наук; спец. 12.00.01. – Теория и 261 история права и государства; История учений о праве и государстве / М. С. Балаянц. – М., 2007. – 25 с.
7. Мартышин, О.В. Проблема ценностей в теории государства и права / О. В. Мартышин // Государство и право. – 2004. – № 10. – С. 5–14.
8. О сохранении цифрового наследия [Электрондық ресурс]: Хартия, принятая на 32-й Генеральной конференции ЮНЕСКО, Париж, Франция, 15 окт. 2003 г. // ООН. – 2003. – Кіру режимі: [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/digital\\_heritage\\_charter.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/digital_heritage_charter.shtml). (қаралған күні: 15.07.2022).
9. Право на неприкосновенность личной жизни в цифровой век [Электрондық ресурс]: Резолюция, принятая Генеральной Ассамблеей, 18 дек. 2013 г. // ООН. – 2013. – Кіру режимі: [https://www.lawtrend.org/wpcontent/uploads/2014/06/2013\\_UN\\_68\\_167.pdf](https://www.lawtrend.org/wpcontent/uploads/2014/06/2013_UN_68_167.pdf). (қаралған күні: 15.07.2022).
10. In their current form, surveillance powers of the Federal Intelligence Service regarding foreign telecommunications violate fundamental rights of the Basic Law [Электрондық ресурс] // The Federal Constitutional Court. – 2020. – Кіру режимі: <https://www.bundesverfassungsgericht.de/SharedDocs/Pressemitteilungen/EN/2020/bvg20-037.html>. (қаралған күні: 16.07.2022).
11. Поправки в Конституцию про IT приняты Госдумой во втором чтении [Электрондық ресурс] // Экспертный центр электронного государства. – 2020. – Кіру режимі: <https://d-russia.ru/popravki-v-konstituciju-pro-it-prinjaty-gosdumojvo-vtorom-chtenii.html>. (қаралған күні: 18.07.2022).

12. Парламент Франции принял противоречивый закон о языке ненависти в интернете [Электрондық ресурс] // Европейская правда. – 2020. – Кіру режимі: <https://www.euointegration.com.ua/rus/news/2020/05/14/7109884>. (қаралған күні: 18.07.2022).

13. «Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру және «Балаларды денсаулығына және дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне балаларды денсаулығына және дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі тұрғысында тексеру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 3 нормативтік қаулысы. [Электрондық ресурс]. – Кіру режимі: // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/S1500000003/history> (қаралған күні: 19.07.2022).

14. «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Жолдауы (2021 жылғы 21 маусымда Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында жария етілді). [Электрондық ресурс] // – Кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/S2100000120> (қаралған күні: 24.07.2022).

15. «Алматы қаласы Алатау аудандық сотының ұсынуы бойынша «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 107-бабы 8) тармақшасының конституциялығын тексеру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2020 жылғы 21 қаңтардағы № 1 нормативтік қаулысы [Электрондық ресурс] // – Кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/S2000000001> (қаралған күні: 24.07.2022).

16. «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігіне тексеру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2017 жылғы 9 наурыздағы № 1 нормативтік қаулысы [Электрондық ресурс] // – Кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/S1700000001> (қаралған күні: 24.07.2022).

17. «Қарағанды облысы Теміртау қалалық сотының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 361 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кетуге арналған құжаттарды ресімдеу қағидаларының 7-тармағы 3) тармақшасының конституциялығын тексеру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2016 жылғы 14 желтоқсандағы № 1 нормативтік қаулысы [Электрондық ресурс] // – Кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/S1600000001> (қаралған күні: 24.07.2022).

18. Почему в Казахстане всё чаще блокируют сайты. [Электрондық ресурс] // – Кіру режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/press/news/details/18674?lang=ru> (қаралған күні: 24.07.2022).

Н. Саулен<sup>1</sup>, Е.С. Жамбаев<sup>2</sup>, А.Н. Сагадиев<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Институт парламентаризма, Астана, Казахстан

<sup>2,3</sup>Кокшетауский университет имени А. Мырзахметова, Кокшетау, Казахстан

### Цифровизация и информатизация общества как триггеры трансформации конституционных ценностей

**Аннотация.** Информация играет ключевую роль, и технологический прогресс, обусловленный четвертой промышленной революцией, анонсированной в одноименной книге Клауса Шваба, президента Всемирного экономического форума в Давосе, будет стремительно и дальше менять общество во многих, если не во всех, аспектах его жизнедеятельности, и нет никаких сомнений, что подобного уровня развития технологий история человечества еще не знала. По этой причине актуальность исследований новых правовых отношений, возникающих в цифровом и информационном поле, не вызывает никаких сомнений. Целью настоящей статьи является исследование современного состояния и влияния цифровизации и информатизации на трансформацию таких конституционных ценностей, как право каждого на частную жизнь, тайну телефонных переговоров и т.д., а также право каждого свободно получать и распространять информацию любым, не запрещенным законом способом. Нами достигнуты три результа-

та, самым важным из которых, как мы полагаем, является предложение о необходимости разработать соответствующий правовой акт и ввести в правовой оборот такое понятие, как «Правила пользования информацией» (информационная диета), которое, по нашему мнению, требует дальнейшего исследования и обсуждения, с привлечением узкопрофильных специалистов, в том числе медицинских научных работников. Опираясь на суждения Клауса Шваба, мы приходим к выводу, что такая конституционная ценность, как право каждого на частную жизнь, личную тайну, тайну телефонных переговоров и т.д., в ближайшей перспективе может и вовсе исчезнуть.

**Ключевые слова:** цифровизация, информатизация, информация, социальные сети, Интернет, Конституционный Совет РК, конституционные ценности, промышленная революция, частная жизнь.

N. Saulen<sup>1</sup>, E.S. Zhambayev<sup>2</sup>, A.N. Sagadiev<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Institute of Parliamentarism, Astana, Kazakhstan

<sup>2,3</sup>A. Myrzakhmetov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan

### Digitalization and informatization of society as triggers for the transformation of constitutional values

